В ходе предварительного изучения кандидата на службу в органы внутренних дел при необходимости могут быть опрошены его близкие родственники (родители и супруг). Им также разъясняются характер и специфика будущей служебной деятельности, условия службы в органах внутренних дел в целом и в должности, на которую претендует кандидат. Родственников и самого кандидата информируют о социально-финансовых гарантиях и компенсациях, предусмотренных законом для сотрудников (работников) органов внутренних дел. Основная цель собеседования — выявление мотивации поступления на службу в органы внутренних дел, ознакомление кандидата со спецификой их работы, а также разъяснение основных положений правового статуса сотрудника полиции. Интерес представляет изучение мотивации при поступлении на службу в органы внутренних дел. Для одних кандидатов мотивом является желание защищать права граждан, обеспечивая их безопасность, охранять установ-

ленный законами порядок; для других — материальная стабильность, наличие социальных гарантий и пенсионного обеспечения; для третьих — семейная традиция.

Профессиональному отбору кандидатов на службу в органы внутренних дел в настоящее время уделяется пристальное внимание, так как эта служба связана со значительными не только физически, но и психическими нагрузками, характеризуется определенной спецификой, предполагающей предъявление к кандидатам на службу в том числе повышенных психологических требований. Сотрудники полиции в своей повседневной служебной деятельности нередко сталкиваются с проявлениями насилия, сами применяют предусмотренные законом насильственные меры административного принуждения. Постоянное пребывание в «агрессивной» социальной среде требует от них повышенной устойчивости к стрессам<sup>3,32</sup>.

Реформирование органов внутренних дел, создание полиции новой формации сопровождается пересмотром основных требований к кандидатам на службу, в том числе и к их физической подготовленности.

Оценка общей и физической подготовленности кандидатов на службу в органы внутренних дел осуществляется в соответствии с нормативно-правовыми актами, регламентирующими деятельность ОВД, при этом предусмотрена минимальная сумма баллов, подтверждающая способность граждан по уровню их физической подготовки выполнять служебные обязанности сотрудника полиции.

Основная цель оценки кандидатов — это определение соответствия их личных деловых, моральных и профессиональных качеств квалификационным и иным требованиям, предъявляемым к должностям в органах внутренних дел.

В заключение необходимо отметить, что, исходя из установок Главы государства К.-Ж. Токаева, современная кадровая политика ОВД является одним из главных приоритетов в деятельности МВД Республики Казахстан. В настоящее время ведомством разработана Концепция кадровой политики МВД Республики Казахстан. Кроме того, МВД подготовлена «Дорожная карта» основных направлений совершенствования деятельности органов внутренних дел. Одно из них — повышение кадрового потенциала, принятие мер по улучшению восприятия населением образа сотрудника полиции. Все это свидетельствует о системном, взвешенном подходе руководства МВД, призванном коренным образом улучшить кадровую ситуацию в органах внутренних дел.

<sup>1</sup> Киржиманов М. Г. Правовые основы подбора кадров государственных служащих, их аттестации и повышения квалификации в Российской Федерации. — М., 2003. — С. 16 – 17.

<sup>2</sup> Бобров А. М. Некоторые аспекты обеспечения доступа к информации о деятельности органов внутренних дел Российской Федерации // Административное право и процесс. — 2011. — № 10.

<sup>3</sup> Занина Т. М., Рыдченко К. Д. Административно-правовое регулирование психологического обеспечения прохождения службы в органах внутренних дел: Учеб.-метод. пос. — Воронеж, 2012.

**Жеңіс Ә. Қ.,**

*психология кафедрасының оқытушысы*

*(Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан Республикасы)*

### **ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫН АРТТЫРУ**

Құқық қорғау қызметі тәуекел деңгейі жоғары экстремалдылықпен және кәсіби стрестің ең жоғарғы деңгейімен сипатталады. XX ғасырдың аяғында ТМД елдерінде ғана емес шет елдерде де құқық қорғау қызметіндегі экстремалды жағдайлар саны бірнеше есеге өсті.

Аса батыл және ауқымды қылмыстардың алдын алумен, жолын кесумен және тергеп-тексерумен айналысатын барлық ішкі істер органдарының жеке құрамы мен олардың арнайы бөлімшелерінің (полиция, әскери контингенттердің өкілдері және т. б.) кәсібилігі мен психологиялық дайындығына қойылатын талаптар күшейе түсті<sup>1</sup>.

Полиция бөлімшелерінің міндеттерін шешуде туындайтын және олардың қызметінің тиімділігін айтарлықтай төмендететін психологиялық қиындықтар, кәсіби психологиялық дайындықтың ерекше түрін қажет етеді. Төтенше жағдайлар, дағдарыстық жағдайлар да барлық мемлекеттік органдар мен әкімшіліктің, оның ішінде құқық қорғау органдарының қызметі үшін ерекше (немесе төтенше) жағдайлар болады, ерте ұйымдастырушылық-құқықтық шаралар мен басқарушылық шешімдер қабылдауды, мемлекеттік басқару жүйесін жоспарлау мен пысықтауды, тиісті ресурстарды қолдауды қажет етеді, оның ішінде қызметкерлердің арнайы (экстремалды) кәсіби-психологиялық дайындығы ерекше рөл атқарады.

Құқық қорғау саласының қызметкерлерінің қызметі экстремалды жұмыс ретінде қарастырылады, осымен олардың ерекше жағдайларда әрекет етудегі кәсіби-психологиялық дайындығының қалыптасуын күрделендіруі туралы К. В. Сельченко, В. Л. Маришук, Е. А. Пономарева, И. Б. Пономарев, А. Е. Тарас, А. К. Маркова, Ю. В. Слесарев, А. М. Столяренко, В. Д. Шадриков құқық қорғау саласындағы жұмыс көптеген қызметкерлерге қоғамдық мойындауға, тұлғалық және кәсіби өсуге және өзін-өзі жүзеге асыруға көмектеседі деп есептеген<sup>2</sup>.

Психологиялық дайындықтың басты мақсаты — кәсіби-психологиялық дайындықты қалыптастыру және ішкі істер органдарының қызметкерлерінің экстремалды жағдайларда іс-әрекетке даярлығын арттыру. Ол қызметкердің тиімді қызметі мен заңға бағынатын мінез-құлқын, сондай-ақ төтенше (дағдарыстық) жағдайларда құқық қорғау органдарына жүктелген кәсіби міндеттерді шешуде, психологиялық қиындықтарды ойдағыдай жеңуді қамтамасыз етуге бағытталады.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің психологиялық дайындығы келесідей міндеттермен қамтамасыз етілуі тиіс:

- есейген және адекватты мотивацияны қалыптастыру, нақты төтенше жағдайда қызмет етуге психологиялық экстремалды (жауынгерлік) дайындықты өзектендіру;

- қызметкер тұлғасының кәсіби маңызды экстремалды психологиялық қасиеттерін (қабілеттерін) жетілдіру;

- экстремалды психологиялық білім, білік, дағды деңгейін арттыру;

- шектен тыс стрестік әсерге психологиялық төзімділік, өзіне деген сенімділікті нығайту, өзін-өзі бақылау, батылдық, төзімділік, батылдықты дамыту;

- коммуникативті құзыреттілік пен сыни жағдайларда кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Психологиялық дайындықтың негізгі формаларына практикалық жаттығулар, топтық пікірталастар, рөлдік ойындар және тренингтер жатады. Сабақтар жауынгерлік, физикалық, құқықтық, атыс жаттығулары жүйесіндегі қызметкерлерге арналған кәсіби дайындықтың басқа түрлерімен тығыз байланысты болуы керек, ал соңғысына психологиялық элементтер кіруі керек (кіріспе, психологиялық күйзелісті тудыру, белгісіздік, тәуелсіз шешім қабылдауға ынталандыру және т. б.).

Кәсіптік-психологиялық дайындық процесінде келесі әдістер қолданылады:

1) танымдық процестердің әртүрлі формаларын дамытатын әдістер (қабылдау, зейін, ойлау, ес);

2) мотивациялық сала мен тұлғалық өсуді дамыту (өмірлік құндылықтары, жоспарлары т. с. с.);

3) қарым-қатынас тренингі (жүріс-тұрыс тренингтері, іскерлік немесе жағдайлық ойындар)<sup>3</sup>.

Құқық қорғау органдары қызметкерлеріндегі кадрларды психологиялық бағалау, қызметкерлердің даралық-психологиялық сапаларына, күрделі әлеуметтік-құқықтық қарым-қатынасқа түскен тұлғасына қойылатын талаптардың қойылуымен негізделеді. Кадрларды психологиялық бағалаудың арнайы жүйелері көптеген ұйымдарда, соның ішінде ішкі істер органдарында табысты жүзеге асуда.

Тренинг кәсіби іс-әрекетке мүмкіндігінше жақын жағдайда өткізілсе, оқытудың ең үлкен әсері болатынын ұмытпаған жөн, тіпті жаттығу жағдайында да қызметкерлер көптеген интеллектуалды, эмоционалды және ерік-жігерлік қиындықтар мен проблемалардан шыға білуі керек.

<sup>1</sup> Маржохов А. Р. Психологическая подготовка сотрудников правоохранительных органов к действиям в экстремальных условиях // Успехи современного естествознания. — 2004. — № 7. — С. 112 – 113.

<sup>2</sup> Доронин Д. Ф., Егоров Ю. В., Сурадин В. И. Психология и педагогика в деятельности сотрудников ОВД: Курс лекций. — М., 2000.

<sup>3</sup> Гончаренко Г. С. Выбор и отбор. Методические рекомендации по вопросам профессионального отбора кандидатов на службу в органы внутренних дел. — Ростов н/Д., 2001.

**Жидебаева Д. Е.,**

*Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультетінің  
магистранты, полиция аға лейтенанты*

*(Қазақстан республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

#### **КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ЖАСАҒАН ПАЙДАКҮНЕМДІК-КҮШ ҚОЛДАНУ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Жаңа қоғамдық-саяси дәуірдің басталуы, елдің одан әрі урбанизациясы, халықтың өмір сүру деңгейінің әр тәуелі болуы, жасөспірімдердің қадағалаусыз және қараусыз қалуы өткен ғасырдың соңында кәмілетке толмағандардың пайдакүнемдік-күш қолдану қылмыстық құқық бұзушылықтарының өршуіне әкеп соққан.

Кейіннен мемлекеттің күш-жігерінің арқасында аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік қолдау, кәметке толмағандар арасындағы қадағалаусыздық пен құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде заңдар қабылданды. Дегенмен де, жасөспірімдерді тәрбиелеуде және кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алудың бірыңғай жүйесінің болмауы аймақтар үшін көптеген проблемаларды тудырды, олардың бастысы — пайдакүнемдік күш қолдану қылмыстық құқық бұзушылықтары болып табылды.

Кәметке толмағандардың пайдакүнемдік-күш қолдану қылмыстық құқық бұзушылықтары, оның ішінде қару қолдану проблемалары қоғамды алаңдатады, өйткені мегаполистерде, қалаларда, қалалық елді мекендерде және ауылдарда олар сандық жағынан да, сапалық жағынан да ерекшеленеді, бірақ олардың көріну шарттары мен сипаты біртектес.

Қарастыратын тақырып: «кәметке толмағандар жасаған пайдакүнемдік-күш қолдану қылмыстық құқық бұзушылықтарының құрамының түрлік белгілерін талдау зерттеуге алынған жүйелі ғылыми-зерттеу жұмысының бір бағыты. Сонымен қатар, республика аумағындағы статистикалық мәліметтер жасөспірімдер қылмысының үлесі жыл сайын 0,5 – 0,6 %-ға артатынын көрсетеді, сондықтан таңдалған зерттеу тақырыбының өзектілігі күмән тудырмайды.

Көптеген тонау және қарақшылық, кісі өлтіру, бопсалау, ұрлау — мұның бәрі Қазақстан Республикасы азаматтарының алаңдаушылығын тудырып, елдегі заңдылық пен тәртіпке жауапты адамдардың алдындағы үлкен мәселеге айналды. Осыған байланысты да пайдакүнемдік-күш қолдану қылмыстық құқық бұзушылықтарда қару қолдануды зерттеу проблемасы ерекше өткір болып отыр.

Талданған мәселенің дамымауы, ең алдымен, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында пайдакүнемдік-күш қолдану қылмыстық құқық бұзушылықтарын қару қолдану жеке санатқа бөлінбейтіндігімен және сәйкесінше қылмыстық-құқықтық теорияда қылмыстардың бұл тобы тәуелсіз ғылыми зерттеу объектісі ретінде қарастырылмайтындығымен байланысты.

Криминология мен қылмыстық психологиядағы «пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылық» дегеніміз — бұл материалдық пайда, ашкөздік және заңсыз жолмен пайда табуға деген ұмтылыс заңсыз бағыттың себебі ретінде сипатталатын қылмыстық құқық бұзушылықтың бір бөлігі.

Қылмыстық-құқықтық әдебиеттерде жалпы қылмыстық пайдакүнемдік қылмыстардың маңызды белгілері ретінде мыналар ерекшеленеді.

Біріншіден, бұл қылмыстар біреудің мүлкіне қол сұғады. Жалпы қылмыстық пайдакүнемдік қылмыстар негізінен заттарға, соның ішінде ақша мен бағалы қағаздарға және басқа мүлікке қол сұғады. Бұл ретте жеке тұлғалардың да, заңды тұлғалардың да мүлкі қылмыскер үшін бөтен адам бола алады; мүліктің меншік иесі мемлекет, ұйым, бірлестік, жеке тұлға бола алады; адамның осы мүлікті иеленетіні немесе оны пайдаланатыны немесе оған билік ететіні маңызды емес. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 115-бабының екінші бөлігінде мүліктік игіліктер мен құқықтарға (мүлікке): заттар, ақша, соның ішінде шетел валютасы, қаржы құралдары, жұмыс, қызмет, шығармашылық-интеллектуалдық қызметтің объектіге айналған нәтижелері, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және бұйымды дараландырудың өзге де құралдары мүліктік құқықтар, цифрлық активтер мен басқа да мүлік жатады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің жалпы бөлімінің 3-тарауында мүліктің әр түрі туралы егжей-тегжейлі түсіндірмелер берілген<sup>1</sup>.

Екіншіден, бұл қылмыстардың белгісі-пайдакүнемдік мақсаттың болуы, яғни біз әрқашан біреудің мүлкін заңсыз өтеусіз алып қою және (немесе) қылмыскердің пайдасына айналдыру туралы айтамыз (ҚР ҚК 88-бабының 1-бөлігі). Әдебиеттерде бұл қылмыстар пайда табу, байыту, материалдық пайда алу қозғамымен байланысты<sup>2</sup>.

Үшіншіден, пайдакүнемдік қол сұғушылық шаруашылық қызметтен тыс немесе кінәлілердің материалдық құндылықтарды өндіру, бөлу, айналысқа жіберу саласындағы өз жағдайын пайдаланбай іске асырылады. Мысалы, криминологиялық жіктеу бойынша қызмет бойынша кінәліге сеніп тапсырылған мүлікті иемдену немесе талан-таражға салу арқылы жалпы қылмыстық пайдакүнемдік қылмыс болып табылмайды.

Меншікке қарсы жалпы қылмыстық пайдакүнемдік қылмыстың криминологиялық белгілерінің қауіпті және қылмыстың осы санатына әлеуметтік қауіптің қаншалықты үлкен екенін сенімді түрде растайды. Бұл қылмысты, нақты қылмыстарды зерттеу, меншікке қарсы жалпы қылмыстық пайдакүнемдік қылмыстың алдын-алу шараларын әзірлеу криминологияның маңызды міндеттерінің бірі екені түсінікті.

Криминологиялық жіктеуде пайдакүнемдік қылмыс маңызды орын алады. Оның маңыздылығы, ең алдымен, қоғамдық мүдделерге қауіптің таралуы мен жоғары деңгейімен анықталады.

Пайдакүнемдік қылмыс — бұл тек біздің елде ғана емес, сонымен қатар басқа елдерде де кең таралған құбылыс<sup>3</sup>.

Пайдакүнемдік қылмыстарға: ұрлық, алаяқтық, иемдену немесе ұрлау, алдау, қылмыстық жолмен табылған мүлікті жасыру, пара алу жатады.

Кейбір жағдайларда, негізінен өзімшіл болып табылатын қылмыстық әрекеттің заң нормасының диспозициясында оны пайдакүнемдік-күш қолдану деп бағалауға мүмкіндік беретін саралау белгісі бар. Бұл топқа мүлікке қол сұғушылықта қару қолданумен байланысты қылмыстар да кіреді. Мысалы, тонау мен қарақшылық, оларды менмендік және күш қолдану ретінде қарастыруға болады.

Кәмелетке толмағандардың қару қолдану қылмыстарының қауіптілік деңгейі мен пайдакүнемдік уәжі қылмыстың себептерін зерттеуді және олардың алдын алуды күні бұрын анықтауды қажет етеді.

Соңғы уақытта кәмелетке толмағандар ерекше қатыгездікпен қарақшылық пен зорлық-зомбылық жасайды. Қылмыс жасау кезіндегі қатыгездік олардың қару қолдануы жасалу тәсілінің сипаттамаларының бірі болып табылады. Қазіргі таңда кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстардағы пайдакүнемдік бағыттың нақты өсуі пайдакүнемдік қылмыстардың нақты түрлерінің динамикасымен, оның ішінде экономикалық қиындықтармен, әлемдік дерттің салдарынан халықтың негізгі бөлігінің өмір сүру деңгейінің төмендеуімен және өмірлік құндылықтардың жоғалуымен айқындалады.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың жоғары деңгейінің басты себебі — азаматтардың құқық қорғау органдарына деген сенімнің болмауына байланысты. Бұл құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби дайындығының жеткіліксіздігімен және материалдық-техникалық базасының нашарлығымен де айқындалады. Кәмелетке толмағандар арасындағы пайдакүнемдік-күш қолдану қылмыстарының пайызы қылмыстың жалпы құрылымына қарағанда біршама жоғары. Мысалы, 2019 жылы барлық тонаудың 9,94 %-ын кәмелетке толмағандар немесе олардың қатысуымен жасаған, барлық қарақшылықтың 7,34 %-ын жасөспірімдер немесе олардың қатысуымен жасаған. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың жалпы құрылымында 2019 жылы тонау 415-ті, ал қарақшылық 31-ді құрады.

Қазақстан Республикасында тонау қылмыстары үшін сотталған кәмелетке толмағандар арасында қыздардың — 6<sup>4</sup>.

16 – 17 жастағы жасөспірімдер арасында әрбір үшінші қылмыс — қарақшылық, одан кейін тонау (21 %); бопсалау (17 %). 16 – 17 жас аралығындағы қыздар күш қолданумен байланысты емес пайдакүнемдік қылмыстар жасаған және олардың үштен бірі ғана күш қолдану қылмыстары үшін сотталған. Криминологиялық зерттеулер көрсеткендей, 2000 жылдан бастап, жиырма жылдан астам уақыт ішінде кәмелетке толмағандардың мүліктік қылмысының себебі өзгерген жоқ. Қарақшылық шабуылдар мен тонауды негізінен 16-17 жас аралығындағы жастар жасаған. Күш қолданусыз қылмыстарды (зорлық-зомбылықпен және ұрлықпен ұштаспаған тонау) кіші жас тобындағы ұлдар (35,6 %), сондай-ақ 16 – 17 жастағы қыздар (90 %) жасаған.

Қазіргі уақытта криминологтар алкоголь мен қылмыс арасындағы тікелей байланысты дәлелдейді. Мас күйінде кәмелетке толмағандардың тонау және қарақшылық жасайтындары да кездеседі<sup>4</sup>.

Зерттеулер көрсеткендей, пайдакүнемдік-күш қолдануда қару қолдану қылмыскерлердің көпшілігі (78 %) ата-аналарымен немесе оларды алмастыратын адамдармен тұрмысты жағдайы жоқ қалалық пәтерлерде, 19 % — коммуналдық пәтерлерде тұрған; қылмыскерлердің 3%-ның тұрақты тұратын жері болмаған. Ауылдарда кәмелетке толмағандар бөлек үйлерде тұрады.

Отбасылық негіздердің әл-ауқаты кәмелетке толмағандардың қылмысына да әсер етеді. Толық емес отбасыларда пайдакүнемдік-күш қолдану қылмыскерлердің 38 %-ы тұрады, оның ішінде анасымен — 79 %; әкесімен — 12 %; туыстарымен — 9 %. Толық отбасыларда (ата-анасының екеуімен де) кәмелетке толмаған қылмыскерлердің 59 %-ы, балалар үйлері мен интернаттарда — 3 %-ы тұрған.

Соңғы жиырма жыл ішінде Қазақстан Республикасында бір ата-анамен бірге тұратын пайдакүнемдік-күш қолданушы қылмыскерлердің үлес салмағы төмендеу үрдісіне ие болды (бірінші онжылдықта 26,6-дан 17,6 %-ға дейін), екінші онжылдықта (40-тан 46,2 %-ға дейін). Демек, қорытынды: қылмыскердің жеке басының қалыптасуына көбінесе ата-ананың болмауы емес, отбасылық қатынастар әсер етеді.

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі № 268-ХІІІ (өзгерту, толықтыруларымен). [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (кірген уақыты: 02.06.2021 ж.).

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 03 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. — Алматы, 2020 (өзгерту, толықтыруларымен).

<sup>3</sup> URL: <https://www.dissercat.com/content/kriminologicheskaya-kharakteristika-sovremennykh-krazh-i-ikh-preduprezhdenie> (кірген уақыты: 02.06.2021 ж.).

**Жиентаев Т. Б.,**

*дене даярлығы кафедрасының оқытушысы, полиция лейтенанты  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы)*

## **ІІО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН БАСТАПҚЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ ДЕНЕ ДАЯРЛЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Құқық қорғау органдарының азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі табысты қызметі көбінесе қылмысқа қарсы күрес жөніндегі міндеттерді жоғары кәсіби деңгейде шешуге қабілетті даярланған мамандардың болуымен айқындалады. Белсенді және шешуші әрекеттерді талап ететін заңсыз іс-әрекеттің жолын кесу бойынша кез келген операцияның нәтижесі көбінесе құқық қорғау органдары өкілдерінің дене шынықтыру деңгейіне байланысты.

А. Х. Губжоков пен А. В. Дадовтың пікірінше, «жеке құрамның дене дайындығының маңыздылығын дұрыс бағаламау көбінесе негізсіз шығындар мен өрескел кәсіби қателіктерге әкеледі. Көбінесе бұл жағдай қызметкерлердің құқықтық дайындығы мен қауіпсіздігінің жеткіліксіздігінен ғана емес, сонымен қатар жауынгерлік күрес әдістерін, атыс қаруы мен арнайы құралдарды қолданудың тұрақты дағдыларының жоқтығынан туындайды. Сонымен қатар себептер абайсыздық, белгіленген ережелерді елемеу және қауіпсіз іс-қимыл тактикасын сақтамау болуы мүмкін. Нәтижесінде ІІО қызметкерлері жағдайды жедел бағалай алмайды және жедел және дұрыс шешім қабылдай алмайды»<sup>1, 81</sup>.

Э. Б. Настуев атап өткендей, «құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жедел-қызметтік және қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетіне барабар дене жаттығулары кәсібиліктің негізгі компоненттері болуы тиіс»<sup>2, 71</sup>.

Ішкі істер министрлігінің отандық жүйесіндегі дене шынықтыру ведомстволық білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде ұсынылған. ІІО қызметкерлерінің дене шынықтыру дайындығын жетілдіру мәселелері қазіргі қоғамның іргелі негіздері мен сипаттамаларының іргелі өзгерістерімен, биліктің күш өкілдері шешетін қиындықтармен, сондай-ақ қылмыстың сапалық өлшемдерінің өзгеруімен байланысты. Көрсетілген мән-жайлар құқық қорғау қызметінің қолданбалы міндеттерін тиімді іске асыруға дайын қызметкерлерді сапалы дене даярлығына мамандандырылған оқу орындарын міндеттейді.

Қазақстан Республикасы ІІМ оқу орындарында ІІО қызметкерлерінің бастапқы кәсіби даярлығын жүзеге асыру түрінде жүргізіліп жатқан қазіргі заманғы реформалар нақты лауазым бойынша қызметтік міндеттерді орындау үшін қажетті білім, білік, дағды және мінез-құлық нормаларын жеделдетуге бағытталған оқу процесін сапалы ұйымдастыруды талап етеді. ІІО-ға қызметке алғаш рет қабылданатын кандидаттардың саны әр уақытта артып келеді, бұл өз қызметтік борышын орындауға дайын, тиісті деңгейде дайындалған ІІО қызметкерлерінің құқық қолдану практикасының қажеттілігін көрсетеді.

Сонымен қатар полиция қызметкерлерін бастапқы оқыту жүйесі аясында ІІО қызметкерлерін даярлау процесінде олардың арнайы білімі мен құқық қорғау қызметінде тәжірибесінің болмауына байланысты белгілі бір қиындықтар туындайды. Жауынгерлік әдістер мен өзін-өзі қорғау элементтерін қысқа мерзімде игеру міндеті қиын болып көрінеді. Бакалавриат және бастапқы дайындық курстарына арналған оқу бағдарламасының бірдей екендігін ескере отырып, жауынгерлік техниканы қанағаттанарлықсыз игеру мәселелері өзекті болып қала береді. Осының негізінде оқу процесінің бағдарламасына толықтырулар мен өзгерістер енгізу арқылы бастапқы дайындық әдістемесін оңтайландырған жөн деп санаймыз.

Біз В. В. Серебряк пен В. В. Камаеваның проблемаларын шешудің ұсынылған көзқарасымен ынтымақтасамыз, олар келесі аспектілерде көрініс табады:

1) бағдарламаның мазмұнын практикалық қызметкерлер қылмыскерлермен соқтығысу кезінде жедел қызметте неғұрлым тиімді қолданатын қарусыз және қоян-қолтық ұрыссыз өзін-өзі қорғау тәсілдері негізінде жасау;

2) өзін-өзі қорғаудың негізгі әдістерін жасаңыз, олардың саны минималды болады, ал оларды зерртеу және жетілдіру сапасы максималды болады;

3) арнайы дене шынықтыру даярлығы бойынша әрбір сабақта түйіспесіз режимнен дозаланған байланысқа көше отырып, тапсырма бойынша қоян-қолтық ұрыстың спаррингін жүргізуге міндетті;

4) жедел жағдайға барынша жақындатылған қызметтік іс-әрекет сюжеттерін модельдеуді пайдалану;

5) оқу бағдарламасына қарумен жұмыс істеу тәсілдерін енгізу, құқық бұзушыны қаруды пайдалана отырып, екі және одан да көп қызметкердің ұстап алу жағдайларын модельдеу, атысқа дайындаумен және көздеумен байланысты тапсырмалар, қозғалыстағы қаруды қайта зарядтау, қылмыскерлер тарапынан қатер төнген кезде қаруды тез шығарып алу жолымен арнайы дене даярлығының атыс даярлығымен және тактикалық-арнайы даярлықпен өзара байланысын қамтамасыз етуге міндетті;

б) жеке және топтық сипаттағы атыс қарумен жұмыс істеу кезінде экстремалды жағдайда психикалық процестерді саналы түрде реттеуге үйрету әдістерін қолдану<sup>3, 246</sup>.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде ПО қызметкерлерін жоғары сапалы даярлау білімнің әртүрлі салаларын, оның ішінде физикалық және жауынгерлік даярлықты қамтитын кешенді тәсіл талап етіледі, ол өз кезегінде отандық ведомстволық оқу орындарында оқытудың қазіргі заманғы тәсілі жағдайында түбегейлі жаңа әдістемелерді қажет етеді деген қорытындыға келеміз.

<sup>1</sup> Губжиков А. Х., Дадов А. В. Некоторые вопросы оптимизации физической подготовки слушателей и курсантов в системе МВД России // Қазіргі қоғам және билік. — 2017. — № 3 (13). — 80 – 84 б.

<sup>2</sup> Настуев Э. Б. Совершенствование физической подготовки слушателей по программам профессионального обучения в образовательных организациях МВД России // Педагогикалық журнал. — 2018. — Т. 8. — № 4А. — 69 – 74 б.

<sup>3</sup> Серебряк В. В., Камаева В. В. Совершенствование методики специальной физической подготовки в системе первоначального обучения сотрудников полиции // Заманауи педагогикалық білім беру мәселелері. — 2019. — № 65-1. — 245 – 249 б.

**Жумашева А. Б.,**

*құқықтық пәндер циклдік комиссиясының оқытушысы,*

*заң ғылымдарының магистры*

*(Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің*

*экономика, бизнес және құқық колледжі, Қазақстан Республикасы)*

#### **ТЕРРОРИЗМ МЕН ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ**

Бүкіл әлемнің саяси, мәдени, рухани, әлеуметтік және экономикалық жағдайына ықпал етіп отырған экстремизм мен терроризм ХХІ ғасырдың ең өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Террорлық актілерге итермелейтін қайшылықтар уақыт өткен сайын өсе түсуде және де бір ғана аймаққа, бір ғана мемлекетке тән нәрсе болмай отыр. Түрлі топтар осыны пайдалану арқылы саяси-экономикалық мәселелерді шешуге тырысуда.

Экстремизм мен терроризм кеше мен бүгін ғана пайда болған құбылыс емес. Оның ертеден келе жатқан тарихи тамыры терең. Қазіргі лаңкестік әрекеттердің мәнін түсінуде адамзат тарихындағы діни көзқарастар мен саясаттарды ғылыми жағынан зерттеудің маңызы ерекше. Өйткені ол, осы кездегі діни экстремизм мен терроризмнің саяси-әлеуметтік негіздерін анықтауға жәрдемдеседі.

Терроризм және экстремизм өздерінің қылмыстық мақсаттарын орындау үшін барлық объектілерді пайдаланады, соның ішінде әлемде ең қымбат — адам өмірін, оның денсаулығын және қоғамдағы күнделікті іс-қимылды жою болып табылады.

Бірқатар жағдайларда әдебиеттерде «экстремизм» және «терроризм» ұғымдарының араласуына жол беріледі. Бұл әлі күнге дейін әлемдік тәжірибеде «терроризм» және «экстремизм» ұғымдарына бірыңғай түсіндірмесі жоқтығын айғақтайды, ол осы екі диалектикалы өзара байланысты, қауіптілігі бірдей, бірақ даму құрылымы және салдары бойынша айырмашылықтары бар, әлеуметтік құбылысқа қарсы тұру мәселесін шешуге қандай да бір жалпы тәсілдерді әзірлеуді аса қиындатады.

БҰҰ-ның сарапшылары әдетте террористік актілер алдында қарсылық пен қақтығыстың күш көрсету формалары көрініс табатындығы жөнінде ойға келеді. Алайда, осы уақытқа дейін оны ертерек алдын-алу жүйесі жоқ. Бұның басты себебі «экстремизм» және «терроризм» ұғымдарының халықаралық және ұлттық дәрежеде де бір-бірінен айырмашылығының айқындалмауы болып табылады.

Сонымен қатар, тәжірибеде экстремистердің басқаша ойлаушыларға қатысты зорлық әрекеттерін едәуір жиі көп жағдайларда саяси экстремизмнің шарасыз серігі ретінде шығатын терроризм деп атайды. «Терроризм» ұғымына тоқталып өту қажет. Өйткені бұл термин «экстремизм» ұғымына қарағанда, бірқатар құқықтық, оның ішінде халықаралық құжаттарда көрініс тапқан<sup>1</sup>.

Қазіргі таңда дүниежүзілік қоғамдастық терроризмнің қаншалықты қатерлі екендігіне, оның зұлымдық істерінде шек болмайтындығына көз жеткізді. Терроризм адамға деген аяушылық сезімнен



жүрдай, ол қоғамда қалыптасқан заң нормаларын, халықаралық құқықты мойындамайды, мемлекеттік шекаралар оны тоқтата алмайды.

Адамдар тарихында терроризм жүздеген, мыңдаған жылдар бойы орын алып келеді. Өздерінің саяси мақсатына жетудің ең жаңа түрлері мен қаруланып жасакталған қазіргі терроризмді негізгі үш топқа белуге болады.

Біріншісі — халықаралық терроризм. Оның мемлекеттік немесе географиялық шекарасы жоқ. Бұндай топтар әлемнің кез келген нүктесінде қызмет ете алады. Өздерінің өкілдерін, жақтастарын қажет деп тапқан мемлекетке орналастырып терроршылар кадрларын мұқият тексеруден өткізеді, психологиялық дайындықтар өткізуде террористік актілерді ұйымдастырудың бай әдіс-тәсілдерін үйретеді.

Екіншісі — ішкі саяси терроризм. Ішкі саяси терроризм ең алдымен басқарушы элитаның жүргізіп отырған ресми мемлекеттік саясатына келіспеушіліктен, соған қарсылық ретінде туады. Ішкі терроризм басқарушы биліктің әділетсіз әлеуметтік экономикалық саясатына жауап ретінде жүзеге асырылады. Оның мақсаты — өз тобының саяси, әлеуметтік, экономикалық мүдделерін іске асыру.

Үшіншісі — қылмыстық терроризм. Террористер өздерінің жеке бастарының қамы үшін немесе азғана тұйық топтың талабы үшін террористік әрекеттерге барады.

Терроризм және сепаратизм дегеніміз бар болғаны адамзаттың жасырын дертінің сыртқы көрінісі ғана екенін барынша айқын сезінуге тиіспіз. Сондай-ақ бұл дерт жеке-жеке емдеуге көнбейді, ол барша елдер мен қауымдастықтардың ұжымдық жұмылуын қажет етеді. Ол аз болса, бұл дерт біреулерден белгілі дәрежеде құрбандықты, келесілерден ерікті ынтымақтастық пен татуластықты талап етеді. Терроризмнің қоғамға қауіпті басқа кеселдерден ерекшелігі — оның кесірінен етеңден бейхабар бейбіт халықтың зардап шегуі, сондай-ақ бұл лаңды алдын ала болжау мүмкіндігінің өте аздығы.

Сондай-ақ терроризм мәселесіндегі, оның белгілері мен онымен күресу жолдарын айқындаудағы әлем мемлекеттерінің арасындағы бірауыздылықтың болмауы, біреудің «терроршы» дегендерін біреулер «қаһарман, еркіндік күрескері» ретінде қабылдауы «терроризм» деген жалғыз сөздің астарына талай мәселені бұғып жатқандығынан хабардар етсе керек. Терроризм бүгінгі таңда адамзат қоғамы үшін экологиялық қауіпсіздік, адамзат қауіпсіздігі сияқты ғаламдық мәселелердің біріне айналды. Сондықтан да терроризм мәселесін шешу адамзат қауіпсіздігі үшін қажетті шара. Терроризмнің ұғымын беру, онымен күресудің халықаралық-құқықтық негізін орнату, терроризмнің алдын алуға байланысты сақтандырушылық, жедел іздестіру және басқа да сұрақтарды шешу бүгінгі күнгі өзекті мәселе болып саналуы тиіс<sup>2</sup>.

Мемлекеттердің терроризмнің жолдары мен мүмкіндіктерін жоюға қарсы әрекет ету мәселесі қандай көп жақты болса, терроризм құбылысының өзі де сондай көп жақты. Бұл мәселенің ең қиын жері, терроризмнің қоғамдық өмірдің құбылысы ретінде саяси сипат алуы. Міне сол сипат терроризммен күресті жүзеге асыруда қиындық туғызады. Сондықтан да, террористік актілерге жауап ретінде әр түрлі мемлекеттердің іс-әрекеттерінің бағасына бірыңғай белгілердің жоқ екені кездейсоқ емес.

Терроризмнің ішкі және сыртқы ұйымдастырушыларымен қатар азаматтарды терроршылыққа жетектейтін себептердің бастылары мыналар: 1) саяси себеп; 2) Экономикалық себептер; 3) Әлеуметтік және мәдени себептер; 4) Білім жүйесі; 5) Психологиялық себептер. Енді осыларды сала-сала бойынша жіктеп көрелік. 1) Саяси себеп: а) есірткі мен қару-жарақтың мықты тасымалдық өткелінде мемлекеттің не мемлекеттердің геосаяси орналасуы; ә) идеологиялық мәселелерді өркениетті түрде шешудің мол тәжірибесі жоқтығынан саяси партиялар, қоғамдық қозғалыстар мен бірлестіктердің арасындағы күрестің етек жаюы; б) ұлттаралық қайшылықтардың билік құруы (белгілі бір қоғамдық қозғалыстар өкілдерінің насихаттары, белгілі бір ұлттың басқа ұлттарға қарағанда астамшылдығы, үстемшілдігі); в) әлемдік деңгейде орын тепкен демократияның қағидаларына сай емес жас демократияның елде болуы мен мемлекеттік басқарудың шынайы тәжірибесінің болмауы; г) криминалдық саяси элитаның және белсенсіз азаматтық тұрғын халықтың өсуі; д) жүргізіліп отырған саяси реформалардың тиімсіздігі. Әрине терроризмнің көрініс табуына себеп саяси радикализм болуы да мүмкін. Қоғамдық көңіл-күйдің радикалдануының кез-келген түрі белгілі бір топтардың мақсатын жүзеге асырудағы әдістері мен тәсілдерінің радикалдануына әсер етеді. Бұл ретте, терроризм туралы «оң» және «сол» радикализмнің көрініс табуының салдары ретінде сөз қозғауға болады. Терроризм дегеніміз — деструктивті әрекет пен саяси радикализмнің ширыққан шындығы болатын болса, оның салдары белгілі бір партиялық топтардың қандай саяси реттегі шептен табылуымен шендесіп жатпақ<sup>3, 4</sup>.

Террористік әрекеттің негізгі міндеттерінің бірі-халықтың арасында наразылық тудыру. Бір жағынан террористердің әрекеттері биліктің заңдылығына тікелей қыр көрсетеді. Сондықтан оларға қарсы дер кезінде қарсы әрекет жасалынбаса, онда тек террористер ғана емес, саяси оппонеттер мен тіпті халықтың өзі мемлекет билігінің тиімсіздігі мен дәрменсіздігіне көз жетеді. Осындай жағдай болмас үшін террористермен күресудің әдістерін қолдана білу керек және күресу әдісінің табиғатына талдау жасай білу керек. Терроризммен күрес тек арнайы қызметтің немесе құқық қорғау органдарының міндеті емес, ол мемлекеттің, қоғамның міндеті, яғни оны жеңу үшін бүкіл қоғам ат салысу тиіс. Терроризм мәселесінде жай және тез арада женетін оңай шешімдер жоқ. Терроризмге қарсы шаралар жүйесі, кешенді және орынды қолдану тиіс.

<sup>1</sup> Еламанов Н. «Экстремизм» және «терроризм» ұғымдарының арақатынасы // ҚР Заң шығару институтының Жаршысы. 2013. № 1 – 2 (29 – 30). 288, 289 б.

<sup>2</sup> Мұрат Л. Терроризммен күрестегі халықаралық ынтымақтастық маңызы, іске асыру тетіктері // Мемлекеттік басқару қызметі. Ғылыми талдау журналы. — 2011. — № 3. — 148 – 150 б.

<sup>3</sup> Белгибаева Р. Б. Терроршылдықпен күресудегі көкейкесті мәселелер // Заң газеті. 2007. 21 мамыр. 4 – 8 б.

**Жұмабеков С. М.,**

*Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультетінің магистранты, полиция капитаны  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

### **ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТЕГІ «БУЛЛИНГ» ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ**

Балалар арасындағы зорлық-зомбылық мәселесі қоғамда 20 ғасырдың басында зерттеле бастаған жағымсыз құбылыс. 1905 жылы К. Дьюкс алғаш рет осы тақырыпта қалам тербеп, өз жұмысын жариялаған.

Жалпы буллинг мәселесі жайлы алғашқы жүйелі түрдегі зерттеуді скандинавиялық зерттеушілер жүргізген<sup>1</sup>.

Буллинг сөзінің төркіні ағылшын тіліндегі bully-бұзақылық деп қарастырылып, оған қысым көрсету, кемсіту және қорлау деген ұғымдар енеді.

А. А. Бочавердің пікірі бойынша: «буллинг адам ұзақ уақыт бойы өзге адамға физиологиялық шабуыл жасап немесе басқа әлсіз адамға қауіп төндірсе, адам өзін оқшауланған, үрейленген, әрекет ету бостандығынан айырылған күйде сезінуі үшін жасалатын зорлық-зомбылықтың ерекше түрі»<sup>2</sup>.

Ал Д. Лэйн анықтамасына сүйенер болсақ, буллинг — бұл белгілі бір жағдайларда өзін-өзі қорғай алмайтын индивид немесе адамдар тобына қатысты қолданылатын қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді, физиологиялық немесе психикалық болуы мүмкін зорлық түрі<sup>3</sup>.

АҚШ буллингке 20-ғасырдың соңына қарай ерекше көңіл бөліне бастады. АҚШ-ның мектеп қызметкерлерінің ұлттық қауымдастығы буллингті бір немесе бірнеше оқушының басқа оқушыға зиян келтіруге деген ұмтылысынан туындаған ауызша және/немесе вербалды емес мінез-құлқының динамикалық және қайталанатын модельдері ретінде анықтады<sup>4</sup>.

Біз бұл пікірлерді бір-бірін жоққа шығарушы дефинициялар деп айтудан аулақпыз, керсінше бұлар буллингтің зорлық көзі екенін белгілеп, бірін-бірі толықтырушы мазмұндағы пікірлер деп пайымдаймыз.

Ресейлік А. А. Бочавер пен К. Д. Хломов сияқты зерттеушілер буллингті зерттеудің 3 негізгі тәсілдерін қарастырады:

1. Диспозициялық — бұл тәсілде қорқыту субъектілеріне, қудалау жағдайларына қатысушылардың жеке ерекшеліктеріне, адамның жәбірленуші немесе агрессор болуына әкелетін жеке тұлғалық алғышарттарға көбірек көңіл бөлінеді.

2. Темпоралды — тәсіл адамның өмір жолында тәуекелдердің теңгерімсіз іске асырылуын зерттейді, сондай-ақ өмір оқиғаларына байланысты жоғары сезімталдық кезеңдерінің болуын атап көрсетеді, олардың тәжірибесі адамның осалдығын арттырады және қорлау жағдайында агрессор немесе жәбірленуші рөлін игеру мүмкіндігін арттырады.

3. Контекстік — бұл тәсіл қоршаған ортаның, топтық микроклиматтың және процестердің маңыздылығын көрсетеді. Адамдар арасындағы өзара әрекеттесудің басым тәсілі билік теңсіздігіне негізделген әдіс: контекст адам ішіндегі үй-жайларды жаңартады және қорқытуды тәуекелдер санатынан шындық санатына ауыстырады<sup>2</sup>.

Бұл тәсілдер қорқыту жағдайларын тоқтатуға бағытталған психологиялық жұмыстың мақсаттары тұрғысынан ерекшеленеді.

Ресейлік ғалымдардың буллинг мәселесін зерттеуге салыстырмалы түрде кешірек назар аударғанына қарамастан, қазіргі уақытта олар бұл мәселені Қазақстандық зерттеушілерге қарағанда белсенді түрде зерттеп жатқандығын айта кеткен жөн.

Жалпы басылым беттеріндегі түрлі ақпараттар негізінде буллинг жәбірленушінің өзіне деген сенімін, денсаулығын төмендетіп, өзін-өзі бағалау мен адами құндылықтарының өзгеруіне әкеледі. Мына автордың тұжырымдауы бойынша буллингтің өз құрылымы бар, ол құқық бұзушы (қудалаушы), жәбірленуші (жәбірленуші) және бақылаушыларды қамтитын әлеуметтік жүйе. Буллинг жағдайы ешқашан өздігінен тоқтамайды, әрқашан жәбірленушіге, қорқытуды бастамашыға және куәгерлерге көмек пен қорғау қажет<sup>5</sup>.

Психиатрлардың пікірлері бойынша құрбан болған адам ұзақ уақыт бойы күйзеліс пен қорқыныш жағдайында болатындықтан қорқытудың агрессивті шабуылдары ұзақ уақыт бойы үздіксіз жалғасады. Олар көбінесе психологиялық зорлық-зомбылыққа, оқшаулануға, жалғыздыққа ұшырайды, көбінесе қауіп пен мазасыздықты сезінеді. Барлық осы көріністер қорқытудың «құрбанын» қоршап тұрған атмосфераның әсерінің нәтижесі болып табылады. «Құрбандар» әлеуметтік тұрғыдан аулақтанатындықтарымен ерекшеленеді. Олар қақтығыстардан шетте болуға тырысады, олар өте сезімтал, жабық және ұялшақ, психосоматикалық белгілері бар, мазасыздық пен депрессияның жоғарылауы, өзін-өзі бағалаудың төмендігі және өз-өзіне күмәндану, оқу мотивациясының төмендеуі және көптеген коммуникациялық проблемаларға ұшырайды<sup>6</sup>. Сондай-ақ, агрессивті «құрбандардың болу фактісі жоққа шығарылмайды. R. J. Hazler олардың «құқық бұзушылар» сияқты белгілері бар, басқаларға қарсы агрессивті әрекеттер жасайды және сонымен бірге өзге адамдар тарапынан қорқытудың «құрбандары» болып табылатындығын белгілейді<sup>7, 131</sup>.

Неғұрлым мазасыз және өз-өзіне сенімді емес мойынсұнғыш «құрбандар» эмоционалдық тұрғыдан тұрақсыз агрессивті «құрбандармен салыстырғанда» ақырын жүріп, анық басуға, абай болуға тырысады.

Буллинг жағдайында мойынсұнғыш «құрбандар» құқық бұзушыдан «аулақ» болуға ұмтылса, ал агрессивті «құрбандар» мазасыздық танытып, өздерінің агрессивті реакцияларын сыртқа шығарып отырады. Агрессивті «құрбандар» оңай ашуланып, арандатуларға тез түседі. Дегенмен, мойынсұнғыш «құрбандарға» қарағанда буллингке қарсы тұра алады.

Мойынсұнғыш «құрбандарға» өзін-өзі дұрыс бағаламау, жалғыздық, өздерін үнемі сәтсіздікке ұшыраған адамдай сезіну, сондай-ақ, ақымақ және тартымсыз адамдар ретінде тану қасиеттері тән.

Осы рөлдердің ішінде ең қиыны — «куәгердің» мінезін бөліп көрсету, өйткені буллинг жағдайында бұл рөлді көптеген балалар әр түрлі жеке қасиеттерімен орындайды. Өздерінің әлсіздігін сезіну нәтижесінде олардың өзін-өзі бағалауы айтарлықтай төмендегені анықталды. Үшінші тарап бақылаушылары көбінесе кінә сезімі мен әлсіздік сезімі туралы хабарлайды. Askew тек «жәбірленуші» ғана емес, сонымен бірге «құқық бұзушыға» қарсы тұра алмайтын барлық адамдар да буллингтен зардап шегетінін айтады<sup>3</sup>.

Буллинг проблемасын зерттеуде көптеген елдердің ғалымдары осы ұғымның түсінігін ашуда өз пікірлерін негіздеп, бірі буллингті зорлық-зомбылық жасау десе, екіншісі агрессия, енді басқасы мінез-құлық моделі дегенді алға тартады.

Дегенмен, барлық зерттеушілер бұл мәселеде әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық проблемалардың бар екенін түсінеді. Буллинг ұғымына қатысты жоғарыда айтылған пікірлерді негізге ала отырып, буллингке тән негізгі мына белгілерді атап көрсетуге болады:

- адамға физиологиялық, психологиялық әсер ету;
- оның жүйелілік сипатта болуы (екі немесе онан да көп рет);
- әрекеттердің кінәлі адам тарапынан немесе топпен қолданылуы;
- кінәлі адамның (топтың) өзге әлсіз адамның зардап шегуінен ләззат алуы.

Өз ойымызды қорытындылай келе, «Буллинг — бұл адамға жүйелі түрде кінәлі адам немесе топ тарапынан физиологиялық, психологиялық әсер ету және сол әрекеттер нәтижесінде өзге әлсіз адамның зардап шегуінен ләззат алу» деген анықтама береміз.

<sup>1</sup> Champion K., Vernberg E., Shipman K. Nonbullying victims of bullies: Aggression, social skills, and friendship characteristics // *Applied Developmental Psychology*. — 2003. — № 24. — P. 535 – 551.

<sup>2</sup> Бочавер А. А. Буллинг как объект исследований и культурный феномен / А. А. Бочавер, К. Д. Хломов // *Психология*. — 2013. — № 3. — С. 149 – 159.

<sup>3</sup> Лэйн Д. А. Школьная травля (буллинг) // *Детская и подростковая психотерапия* / Под ред. Д. Лэйна и Э. Миллера. — СПб., 2001.

<sup>4</sup> Selekman J., Vessey J. A. Bullying: It Isn't What It Used To Be // *Pediatric Nursing*. — 2004. — Vol. 30. — № 3.

<sup>5</sup> Соловьев Д. Н., Модель профилактики буллинга среди школьников подросткового возраста // Наукoведение. — 2014. — Вып. 3 (май – июнь). [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <https://naukovedenie.ru/PDF/121PVN314.pdf> (кірген уақыты: 17.05.2021 ж.).

<sup>6</sup> Rigby K. Effects of peer victimization in schools and perceived social support on adolescent well-being // Journal of Adolescence. — 2000. — № 23. — P. 57 – 68.

<sup>7</sup> Hazler R. J. Breaking the cycle of violence: interventions for bullying and victimization. — Washington, 1996.

**Завотпаев А. Р.,**

*докторант, майор полиции*

*(Академия правоохранительных органов*

*при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан,*

*Акмолинская обл., Целиноградский р-н, с. Косшы)*

**К ВОПРОСУ О ПРИМЕНЕНИИ СПЕЦИАЛЬНЫХ  
И СПЕЦИАЛЬНЫХ НАУЧНЫХ ЗНАНИЙ  
В ПРОЦЕССЕ ДОКАЗЫВАНИЯ ПО УГОЛОВНЫМ ДЕЛАМ**

Новые тенденции и поступательное развитие уголовного и уголовно-процессуального законодательства Республики Казахстан требуют не только переосмысления процесса доказывания, но и совершенствования учения об использовании специальных и специальных научных знаний в расследовании уголовных дел. Их использование в отечественном уголовно-процессуальном законодательстве берет свое начало еще со времен советского периода. Первый Уголовно-процессуальный кодекс Российской Советской Федеративной Социалистической Республики (далее — УПК РСФСР), принятый 25 мая 1922 г.<sup>1</sup>, регламентировал правила обязательности участия экспертов, если при расследовании или при рассмотрении дела требовались специальные познания в науке, искусстве или ремесле, а также необходимо было установить причины смерти и характер телесных повреждений и в случае, когда у суда или следователя возникали сомнения по поводу психического состояния обвиняемого или свидетеля.

В Уголовно-процессуальном кодексе Казахской ССР 1959 г. (далее — УПК КазССР)<sup>2</sup> законодатель впервые дал обоснование производства экспертизы и определил перечень случаев, когда ее назначение являлось обязательным. К таковым отнесли: установление причин смерти; определения характера и тяжести телесных повреждений и психического состояния обвиняемого, свидетеля или потерпевшего, когда у органа дознания, следователя или суда возникает сомнение в их психической полноценности. При этом вопросы, предлагаемые эксперту, и заключение по ним не должны выходить за пределы специальных познаний эксперта. Важным обстоятельством нового УПК КазССР явилось то, что при несогласии лица, производящего дознание, следователя, прокурора или суда с заключением эксперта по мотивам его недостаточной ясности или неполноты могла быть назначена дополнительная экспертиза, поручаемая тому же или другому эксперту<sup>2</sup>. Отсутствие единого понятия «специальных знаний» в расследовании уголовных преступлений с участием экспертов затрудняло эффективность раскрываемости совершенных преступлений.

Решение данной проблемы требовало принятия нового свода законов, каковым и явился Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан (далее — УПК РК), принятый в 1997 г., который впервые содержал понятийный аппарат специальных и специальных научных знаний. Так, в ст. 7 УПК РК законодатель определил понятие «специальные знания» как «не общеизвестные в уголовном процессе знания, приобретенные лицом в ходе профессионального обучения либо практической деятельности, используемые для решения задач уголовного судопроизводства» и «специальные научные знания» — как «область специальных знаний, содержание которой составляют научные знания, реализованные в методиках судебно-экспертных исследований»<sup>3</sup>.

Общепринятой формой использования специальных знаний, как и специальных научных знаний, в уголовном судопроизводстве является вовлечение в уголовный процесс лиц, обладающих специальными и специально-научными знаниями в качестве специалиста и эксперта. Основные различия между специалистом и экспертом определяют характер деятельности каждого.

«В качестве специалиста для участия в производстве по уголовному делу может быть привлечено не заинтересованное в деле лицо, обладающее специальными знаниями, необходимыми для оказания и содействия в собирании, исследовании и оценке доказательств путем разъяснения участникам уголовного процесса вопросов, входящих в его специальную компетенцию, а также применения научно-технических средств...» (ст. 80 УПК РК)<sup>4</sup>. Согласно данной статье, основная задача специалиста в

ходе уголовного судопроизводства — содействие в обнаружении, фиксации и изъятии следов преступления при производстве процессуальных действий, применение в этих целях специальной техники с предоставлением информации рекомендательного и консультативного характера по специальным вопросам, входящим в сферу его компетенции.

Тем самым в ч. 1 ст. 80 УК РК законодатель, ограничивает возможность специалиста самостоятельно заниматься поиском, собиранием и закреплением объектов и предметов доказательственного материала в материалах уголовного дела. Между тем, специалист может предположить допустимость выводов, основанных на установленных при проведении процессуальных действий фактах, однако в отличие от выводов эксперта они не имеют значения доказательств.

В работе специалиста, привлекаемого к участию в процессуальных действиях, необходимо выделить следующие основные действия:

1) оказание содействия в обнаружении, фиксации и изъятии предметов и документов;

2) предоставление помощи следователю в формировании и корректной постановке вопросов перед экспертом;

3) разъяснение сторонам и суду вопросов, входящих в его профессиональную компетенцию.

В УПК КазССР из вышеуказанных форм участия специалиста прямо предусматривались первые две, а третья хоть и не предусматривалась, но применялась на практике, в том числе и стороной защиты. Следователи в советское время при назначении экспертиз советовались со специалистами (как правило, работавшими экспертами в экспертных учреждениях) по различным вопросам: например, какую именно экспертизу нужно назначить, кому ее поручить производство, какие материалы предоставить эксперту. И хотя эта практика не была закреплена советским законодателем, не признавать ее положительной нельзя. Согласно ныне действующему УПК РК, специалист может привлекаться следователем и судом, а также другими заинтересованными участниками процесса (например, защитником) и для постановки вопросов эксперту. Поэтому современный законодатель закрепил норму об обязательном участии специалиста в ныне действующем уголовно-процессуальном законодательстве.

В части 2 ст. 80 УПК РК подчёркивается преимущество сотрудника уполномоченного подразделения правоохранительного или специального органа, привлекаемого в качестве специалиста для проведения исследования и дачи заключения с возможностью применения научно-технических средств; отмечается существенное разграничение возможностей лиц, участвующих в следственных действиях, привлекаемых в качестве специалистов, на право производства исследования и оценке собранных доказательств.

Обычно цели привлечения специалиста и эксперта к участию в уголовном судопроизводстве различались, в этом отражалась уникальность в направлении развитии отечественного законодательства о сведущих лицах. В частности, полномочие на проведение исследований и формирование выводов на основе полученных результатов в рамках уголовного судопроизводства находится исключительно в компетенции эксперта, а заключение специалиста не должно носить формы выводного знания. В противном случае, по мнению В. Н. Махова, грань между экспертом и специалистом «размывается»<sup>5</sup>. Несмотря на такую трактовку участия специалиста в уголовном судопроизводстве, ряд авторов полагает, что специалисту, как и эксперту, следует предоставить право проводить исследования, что подчеркивает и действующее законодательство. А. В. Кудрявцев считает «возможным и необходимым разграничение компетенций указанных участников процесса в уровне решения исследовательских задач», что «уровень познавательной деятельности для специалиста — эмпирический или непосредственный, а для эксперта — логический (теоретический) или опосредованный»<sup>6</sup>. Подобная позиция считается не совсем корректной, поскольку затруднительно представить, каким образом следователь может по подобным критериям определить необходимый уровень познавательной деятельности эксперта или специалиста. Как известно, любое познание происходит в неразрывном единстве непосредственного (эмпирического) и опосредованного (логического)<sup>7</sup>. Зачастую в практической деятельности, даже имея методические рекомендации и справочники, такие как «руководство для следователя», последние допускают ошибки в определении вида назначаемых экспертиз и постановке выносимых на разрешение эксперта вопросов.

В свою очередь, экспертиза состоит в исследовании и составлении заключения. Более того, УПК РК в качестве исключения из общего правила о невозможности совмещения нескольких функций в одном лице допускает поручение производства экспертизы тому лицу, которое ранее участвовало в деле как специалист. Следователь или суд (как по собственной инициативе, так и по ходатайству сторон) приглашает специалиста, который помогает следователю (суду) определиться с видом экспертизы, с тем, кто более качественно может ее провести, с вопросами, которые следует, по его мнению, поставить перед экспертом, и с материалами, необходимыми для производства данной экспертизы. В

При блокировании руки противника в удержании захвата дополнительно включается туловище (рука противника двумя руками прижимается к груди) и голова (подбородок) прижимается к руке противника на уровне верхней части плеча. При правильном захвате голова атакующего занимает соответствующее место: плечо — передне-боковая часть шеи так, чтобы затылочная часть упиралась снизу в подбородок противника. Такое положение не дает противнику активно включиться в противоборство.

Таким образом, преимущество достигает 4 – 5-разового превосходства против одной руки.

Анализ этого положения показывает, что преимущество в этом случае значительно увеличивается за счет явно невыгодной позиции защищающегося — одна рука у него заблокирована (ближняя), а вторую (дальнюю) он не может активно включить в работу, так как атакующий находится в противоположной от нее стороне.

После осуществления подобного захвата возникают полностью контролируемые атакующим положения. Противник попадает практически в безвыходные положения. Их три:

1. Оставить руку у противника без освобождения от захвата (пассивная позиция).
2. Попытаться освободиться от захвата (защитный вариант).
3. Активно включиться в острую борьбу за обоюдный захват, подключая свободную руку (активный вариант).

Первый вариант — пассивная позиция — наиболее уязвимый. В этом случае атакующий борец, не встречая дальнейшего сопротивления, просто-напросто положит противника каким-либо из множества приемов, который может выполняться с таким мощным захватом с высоким эффектом.

Невыгодность своего положения спортсмен ощущает сразу. Это чаще всего вводит противника в некоторую панику, чувствуя свой промах, он начинает отчаянно вырывать руку из захвата (защитный вариант).

Защищающийся борец, пытаясь вырвать руку, вынужден выпрямиться, упираясь, отклонить туловище (плечи) назад и оставить ногу одноименную с захваченной рукой без прикрытия. Создается ситуация для эффективной атаки с захватом ноги или ног противника в самом благоприятном для атакующего положении.

Активный вариант также ведет к проигрышной ситуации. Для его реализации необходимо развернуться грудью к атакующему и попытаться завязаться в обоюдный захват. Для такого маневра защищающийся борец вынужден раскрыться, что создает благоприятную ситуацию для эффективных, высоко амплитудных бросков, например, для броска через плечи. Умелая блокировка руки противника создает активный рисунок схватки и позволяет ее разнообразить, создавая неожиданные для противника ситуации на фоне панического сопротивления блокировке руки.

Ярким примером этому может служить борьба олимпийского чемпиона М. Хадарцева. Его противники вынуждены «прятать» свои руки и тогда он, например, простым нажатием руки на голову заставляя противника на мгновение выпрямиться (по принципу реакции противодействия) и мгновенно входит в ноги с переводом в партер.

Аналогичные ситуации возникают и при блокировке головы и руки противника. В этом случае низкая стойка защищающегося борца создает благоприятную возможность для захвата головы и руки, сбивания вниз с последующим забеганием назад для перевода в партер. Попытка защищающегося помешать осуществлению захвата рук и головы приводит к бесконтрольному выпрямлению туловища, открывающему свободный доступ к ногам и созданию благоприятной ситуации для эффективной атаки за ноги.

Таким сковыванием успешно пользовался белорусский спортсмен В. Суринов — призер Спартакиады народов СССР. «... Благодаря развитому плечевому поясу и сильным рукам он брал соперника за шею с рукой так мощно, что не каждому, даже более тяжелому борцу удавалось освободиться. Защита от этого своеобразного захвата создавала Суринову благоприятную возможность для проведения технических действий с захватом ног»<sup>4</sup>.

Вышесказанное говорит о том, что теория создания локального преимущества в борьбе только начинает свое развитие. Практика показала, что отдельные борцы владеют ее элементами и за счет этого показывают высокие спортивные результаты. Для реализации теории локального преимущества необходимо соответственно строить (а практически перестраивать) существующий тренировочный процесс, в котором отработка элементов сковывания с целью создания преимущества должна занять достойное место.

<sup>1</sup> Вержбицкий И. В. Реализация принципа первичности соревнований на этапе начальной подготовки дзюдоистов: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. — Майкоп, 2012.

<sup>2</sup> Туманян Г. С. Школа мастерства борцов, дзюдоистов и самбистов: Учеб. пос. для студ. высш. учеб. завед. — М., 2006.

<sup>3</sup> Дзюдо (система и борьба): Учебн. / Под общ. ред. Ю. А. Шулики и Я. К. Коблева [Я. К. Коблев, В. М. Невзоров, Ю. М. Схаляхо, Ю. А. Шулика]. — Ростов-н/Д, 2006.

<sup>4</sup> Дзюдо. Программа: примерная программа спортивной подготовки для детских спортивных школ, специализированных детских спортивных школ олимпийского резерва / А. О. Акопян [и др.]. — М., 2008.

**Нуртазина М. Б.,**

*магистрант*

*(Академия «Bolashaq», Республика Казахстан, г. Караганда)*

#### **ПРОБЛЕМЫ ОРГАНИЗАЦИИ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ШКОЛАХ**

Инклюзивное образование в Казахстане осуществляется на основании Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 – 2025 гг.<sup>1</sup> и Закона Республики Казахстан «Об образовании»<sup>2</sup>. Введен новый термин «особые образовательные потребности» — (ООП), который эффективно применим к детям не только с ограниченными возможностями, но с заболеваниями, проходящим длительность лечение в больнице; с эмоциональными проблемами; из неблагополучных семей; детям-сиротам или лишившимся родительской опеки.

По новой трактовке «инклюзивное образование» — это процесс, обеспечивающий равный доступ к образованию для всех обучающихся с учетом особых образовательных потребностей и индивидуальных возможностей. Данное определение в большой степени раскрывает суть инклюзии в образовании, признанной международным сообществом в качестве наиболее подходящей тактики для обучения всех детей в условиях общеобразовательной школы.

Организация инклюзивного образования является актуальной. Опыт показывает, что существует проблема непринятия детей с особыми образовательными потребностями родительской общественностью. Многие родители не желают видеть в роли одноклассника своего ребенка детей с ООП. Но они должны принять тот факт, что в учебном процессе всегда есть дети, испытывающие трудности в обучении вследствие тех или иных причин, и, как их результат, — особые образовательные потребности, которые необходимо удовлетворять. Права родителей детей с ООП регламентированы нормативно-правовыми актами Республики Казахстан.

Согласно п. 1 ст. 49 Закона Республики Казахстан «Об образовании», родители и иные законные представители несовершеннолетних детей имеют право выбирать организации образования с учетом желания, индивидуальных склонностей и особенностей ребенка.

В пункте 26 письма министра образования и науки РК «Методические рекомендации по организации интегрированного (инклюзивного) образования детей с ограниченными возможностями в развитии» от 16 марта 2009 г. № 4-02-4/450 указано: «Дети с ограниченными возможностями в развитии вправе поступать в любую общеобразовательную школу, переходить из одной школы в другую, в том числе в специальную (коррекционную) организацию образования при наличии соответствующего заключения ПМПК с согласия родителей (иных законных представителей)»<sup>3</sup>.

Существуют проблемы и в организации инклюзивного образования.

Анализ реализации Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 – 2025 гг. свидетельствует о дефиците специалистов для психолого-педагогического сопровождения детей в инклюзивной среде, который составлен 64 %. Без решения кадрового вопроса эффективности психолого-педагогического сопровождения детей в инклюзивной среде говорить трудно.

Поэтому сегодня наряду с неприятием детей с особыми образовательными потребностями родительской общественностью в процессе организации инклюзивного образования перед школами возникают и другие проблемы:

- большой процент дефицита специалистов для психолого-педагогического сопровождения детей в инклюзивной среде;
- не понимание в полной мере суть инклюзивного образования основной частью педагогов, не имеющих специального образования;
- недостаточное взаимодействие всех участников образовательного процесса по организации инклюзивного образования.

Решение данных проблем предполагает: 1) изменение ценностных ориентиров каждой школы, так как инклюзивное образование должно способствовать поддержке учеников с особыми образовательными потребностями со стороны всех участников образовательного процесса, не только специалистами (логопед, специальный педагог, психолог, индивидуальный помощник); 2) использование комплексного подхода в решении вопросов в учебном процессе; 3) отказ от понятий «инклюзивник», «особый», «кризисный».

<sup>1</sup> Постановление Правительства Республики Казахстан «Об утверждении Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 – 2025 годы» от 27 декабря 2019 г. № 988. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000988> (дата обращения: 21.05.2021).

<sup>2</sup> Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 г. № 319-III (с изм. и доп. по сост. на 19.04.2019 г.). [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=30118747](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30118747) (дата обращения: 21.05.2021).

<sup>3</sup> Письмо Министерства образования и науки Республики Казахстан «Методические рекомендации по организации интегрированного (инклюзивного) образования детей с ограниченными возможностями в развитии» от 16 марта 2009 г. № 4-02-4/450. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=32122855](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32122855) (дата обращения: 21.05.2021).

**Нұрахметова А. М.,**

*қылмыстық құқық және криминология кафедрасының  
аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция подполковнигі  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

### **ЗАҢСЫЗ КӨШІ-ҚОНҒА БАЙЛАНЫСТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕДЕГІ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР**

Қазіргі әлемдік қоғамдастықты жаһандандыруды жағдайларында шешуді қажет ететін бірінші кезектегі проблемаларының бірі-экономикалық және әлеуметтік тұрақтылық бөлігінде елдердің ұлттық қауіпсіздігіне елеулі қауіп төндіретін халықтың заңсыз көші-қоны болып отыр.

Заңсыз көші-қон есірткінің таралуы, адам саудасы, террористік қауіп-қатерлер, қару саудасы және өзге де қылмыстық көріністердің таралуына ықпал етеді. Заңсыз көші-қон қылмысының трансұлттық сипатта болуына байланысты оған тиімді түрде қарсы тұру үшін халықаралық қоғамдастықтың күш-жігерін біріктіру қажет<sup>1</sup>.

М. А. Маггеррамов қазіргі уақытта халықаралық көші-қон саясаты жеткілікті деңгейде әзірленгенін және бірінші кезекте оны жүзеге асыру мемлекеттердің көші-қон саласындағы қызмет туралы конвенциялары мен келісімдерінде көрініс табатындығын әділ атап өтті<sup>2</sup>. Осы бағыттағы негізгі халықаралық орган БҰҰ-ның Халықаралық еңбек ұйымы (МОТ International Labour Organization, ILO) болып табылады, оның жұмыс нәтижелері қабылданған төмендегідей ұсынымдарда көрініс тапқан:



- 1922 жылғы 2 қарашадағы «Халықаралық еңбек бюросына көшіп кетуге, көшіп келуге, сондай-ақ көшіп кетуді репатриациялауға және көшіп кетуді транзиттеуге қатысты статистикалық және басқа да мәліметтерді ұсыну туралы» № 19 ұсыным;

- 1939 жылғы 28 маусымдағы «Еңбекші-мигранттарды тарту, жұмысқа орналастыру және еңбек жағдайлары туралы» № 61 ұсыным;

- 1939 жылғы 28 маусымдағы № 62 «Еңбекші мигранттарды тарту, жұмысқа орналастыру және еңбек жағдайы саласындағы мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық туралы» ұсыным<sup>3, 85 – 86</sup>;

- 1949 жылғы 1 шілдедегі «Еңбекші-мигранттар туралы» № 86 ұсыным;

- 1955 жылғы 22 маусымдағы «Нашар дамыған елдер мен аумақтарда еңбекші-мигранттарды қорғау туралы» № 100 ұсыным;

- 1975 жылғы 24 маусымдағы «Еңбекші-мигранттар туралы» № 151 ұсыным<sup>3, 982 – 999</sup>.

1951 жылы құрылған мамандандырылған үкіметаралық комитеттің кейіннен 1989 жылы көші-қон жөніндегі халықаралық ұйым болып қайта құрылып, оның көшіп-қонушылардың Еуропадағы орын ауыстыруы жөніндегі ықпалды үкіметаралық ұйым болғанын атап өткен жөн. Қазіргі уақытта ұйымға қатысушы мемлекеттердің тізбесіне 156 мемлекет және 10 бақылаушы мемлекет енгізілген<sup>4</sup>. Осы ұйым қызметінің мақсаттарына көші-қон саласындағы елдер арасындағы ынтымақтастық, заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимыл, мәжбүрлі көшіп-қонушылардың орын ауыстыруына және жайластырылуына көмек көрсету, сондай-ақ көші-қон процестерін ақпараттық қамтамасыз ету жатады.

Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберінде қабылданған халықаралық құқықтық актілер әлемдік қоғамдастық елдерінің ішкі заңнамасына елеулі әсер етеді. Осы мәселеге қатысты Қазақстан Республикасы халықаралық заңнаманы сақтау бойынша міндеттемелерді өз мойнына алып, конвенцияда көрсетілген ережелер Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі қылмыстық кодексінде, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі қылмыстық процестік және Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстерінде ішінара көрініс тапқан. Яғни, біздің республикамыз ратификациялаған халықаралық келісім-шарттардағы ережелердің ұлттық заңнамамызда қолданылуын қамтамасыз етеді. Осы мақаланы жазу барысында зерделенген кейбір конвенция ережелерінің отандық заңнамамызда көрініс таппау фактілерінің де орын алғандығын байқадық. Атап айтатын болсақ, 2000 жылғы 15 қарашадағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясына тоқталуға болады. Осы Конвенцияның 1-бабында мақсаты белгіленіп, ол — трансұлттық ұйымдасқан қылмыстың анағұрлым тиімді түрде алдын алу және оған қарсы күрес ісіндегі ынтымақтастыққа жәрдемдесу екендігі айқындалған. Сонымен қатар, осы конвенцияны толықтыратын, қылмысты ауырлататын мән-жайлар ретінде заңсыз көші-қон көріністерін криминализациялауды көздейтін, Мигранттарды құрлық, теңіз және әуе арқылы заңсыз әкелуге қарсы Хаттама да бар. Аталмыш Конвенция ережелері ДМД мемлекеттері арасында Ресей қылмыстық кодексінде ішінара жүзеге асырылған. Дәлірек тоқталар болсақ, 127.1-баптың («Адам саудасы») сараланушы белгісі ретінде «Ресей мемлекеттік шекарасы арқылы жәбірленушінің орын ауыстыруы немесе оны заңсыз шетелде ұстау» қарастырылған. Қазіргі қолданыстағы Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексін зерделеу бізге осындай бекітудің жеткіліксіздігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Ресей Федерациясының қолданыстағы қылмыстық заңы адам бостандығына байланысты атап айтқанда, 126-бап «Адамды ұрлау», 127-бап «Бас бостандығынан заңсыз айыру» 127.2-бап «Құл еңбегін пайдалану», 206-бап «Адамды кепілге алу» сияқты қылмыстардың басқа да құрамдарында<sup>5</sup> «Ресей мемлекеттік шекарасы арқылы жәбірленушінің орын ауыстыруы немесе оны заңсыз шетелде ұстау» деген сараланушы белгі жоқ. Ал біздің заңнамамызда 2000 жылғы 15 қарашадағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын (Қазақстан бұл конвенцияны 04.06.2008 жылы ратификациялаған), қылмысты ауырлататын мән-жайлар ретінде заңсыз көші-қон көріністерін криминализациялауды көздейтін мигранттарды құрлық, теңіз және ауа арқылы заңсыз әкелуге қарсы бұрын көрсетілген хаттаманы іске асыру мүлдем көзделмеген<sup>6</sup>.

Өзіне алған міндеттемелерді толық көлемде іске асыру үшін Қазақстан Республикасы «жәбірленушінің Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасы арқылы орын ауыстыруына немесе оны шетелде заңсыз ұстау» деген сараланушы белгіні Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 125-бабы («Адамды ұрлау»), 128-бабы («Адам саудасы»), 261-бабы («Адамды кепілге алу») сияқты нормаларының 2-бөлігіне енгізу қажет деп пайымдаймыз. Бұл ереже Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық құжаттарды сақтау бойынша Қазақстанның өзіне алған міндеттемелерін іске асыруына ықпал ететін болады.

<sup>1</sup> О деятельности Совместной комиссии государств — участников Соглашения о сотрудничестве государств — участников Содружества Независимых Государств в борьбе с незаконной миграцией от 6 марта 1998 г. [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <http://www.cismission.mid.ru/v18.html> (кірген уақыты: 22.01.2021).

<sup>2</sup> Магеррамов М. А. Организационно-правовое обеспечение деятельности ФМС России и ее территориальных органов по противодействию незаконной миграции: Дис. ... канд. юрид. наук. — М., 2010.

<sup>3</sup> Конвенции и рекомендации, принятые Международной конференцией труда. 1919 – 1956. — Женева, 1991. Т. 1.

<sup>4</sup> О Международной организации по миграции. [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <http://moscow.iom.int/russian/raboutus.html> (кірген уақыты: 17.03.2021).

<sup>5</sup> Уголовный кодекс Российской Федерации от 13 июня 1996 г. № 63-ФЗ. [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_10699/](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_10699/) (кірген уақыты: 22.01.2021).

<sup>6</sup> Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын Мигранттарды құрлық, теңіз және әуе арқылы заңсыз әкелуге қарсы хаттаманы ратификациялау туралы Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 4 маусымдағы № 38-IV Заңы.

*Нұрғалиев Е. М.,*

*ОӘО аға оқытушы-әдіскері, заң ғылымдарының магистрі, полиция майоры  
(Қазақстан Республикасы ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

### **ЖОО БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДА ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНЕ БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Бүгінгі таңда бүкіл әлемді дүр сілкіндіріп, адамзатты алаңдатып отырған жайт коронавирустың таралуы екені белгілі. Жер жүзін шарпыған осы бір дерт біздің елімізде де тіркелді. Осыған орай Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 16 наурызда төтенше жағдай жариялады.

Барлық мәдени ойын-сауық орталықтары, кинотеатрлар мен театрлар, көрмелер мен халық көп баратын басқа орындар уақытша жабылды. Мектеп оқушылары мен студенттер қашықтан оқыту жүйесіне көшті<sup>1</sup>.

Бұл дүниежүзінде ахуал тудырып жатқан жағдай біздің елімізде де орын алды, сол төтенше жағдай орын алғалы айтарлықтай уақыт өтті. Пандемияның алдын алу мақсатында бүкіл қоғамдық жиналыстар тоқтатылды, мәдениет орталықтары жабылды, сонымен қатар оқыту процесіне де біршама өзгерістер енгізілді. Аталған жағдайға байланысты, яғни елімізде жарияланған төтенше жағдайға байланысты жоғары оқу орындарында оқыту үрдісі қашықтықтан оқыту форматына ауысты. Бастапқыда күтпеген тосын жағдай оқытушыларды да, студенттерді де белгілі бір деңгейде алаңдатқаны баршамызға мәлім.

Қашықтықтан оқыту — оқу процесіне тән барлық компоненттерді (оқыту мақсаттары, мазмұны, әдістері, ұйымдастырушылық нысандары, құралдары) көрсететін оқытушы мен білім алушының арақашықтықтағы өзара іс-қимылы.

Қашықтықтан оқытуға бейімделу түрліше тұрғыда жүзеге асқаны белгілі. «Бейімделу» термині ХХ ғасырдың бірінші жартысында өте танымал, әлі күнге дейін ғалымдардың жіті назарында. Бейімделу (лат. *adapto* «бейімдеймін») — ағзаның құрылысы мен функцияларын, оның органдары мен жасушаларын сыртқы орта жағдайына бейімдеу<sup>2</sup>.

Психологиялық бейімделу — бұл тұлғаның әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық және кәсіби іс-әрекет байланыстары мен қарым-қатынастары жүйесіне, тиісті рөлдік функцияларды орындауға психологиялық қосылу процесі.

Бейімделу — жеке тұлғаның әлеуметтік ортаның талаптарына және шарттарына икемделуі болып табылады. Білім алушы — материалдық және рухани өмірде жоғары кәсіби және әлеуметтік рөлдерді орындау үшін белгілі бір бағдарламамен іс-әрекеттері ұйымдастырылатын әлеуметтік жеке тұлға<sup>3</sup>.

Білім алушы әлеуметтік тұрғыдан жетілу кезеңіне сәйкес келеді. Қазіргі таңда білім алушы қоғамдағы сан жағынан алғанда алдыңғы қатарда. Білім алушылар — қоғамның ірі интеллектуалдық потенциалы. Олар әлеуметтік құрылымы негізінен біздің қоғамымыздың әлеуметтік құрылымын айқындайды.

Кеңес Одағының белгілі психологі Б. Г. Ананьев білім алушы — студенттік кезең, жеке адам тұрғысынан алғанда, адамгершіліктік және эстетикалық сезімдердің белсенді түрде даму кезеңі, ересек адам ретінде азаматтық, саяси — қоғамдық және кәсіби мамандық міндеттерінің тұрақталу, толысу кезеңі деп көрсетеді.

Қазіргі таңдағы ғылым мен тәжірибеде бейімделу түсінігі білім алушылардың дайындығының тиімділігін жоғарлату әдісін өңдеумен айналысады. Білім алушылардың бейімделуі білім берудің

іргелі мәселелерінің қатарына жатады. Демек, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау жеке тұлғаның дамуы, мамандандыруы, білім алушылардың әлеуметтенуі. Жоғары оқу орнына білім алушылардың бейімделуінің сәтті болуына байланысты білім алушының мамандануы айтарлықтай тиімді болады және қоғамдық ортада өз орнын табуы да сәтті жүзеге асады.

Білім алушының білімді меңгеруі мен білім алуға деген қызығушылығы және оның үлгерімінің жоғары дәрежеде болуына оның жаңа қоғамдық ортадағы білім алушылармен, оқытушылармен, жоғары оқу орнының әкімшілігімен өзара қарым-қатынасының жақсы болуы үлкен әсер етеді. Сондықтан профессор-оқытушылар құрамының білім алушылармен жұмыс жасау жағдайы олардың бейімделуіне үлкен әсерін тигізеді<sup>4</sup>.

Оқашаулану кезінде оқыту бейімделу қалай өтпек. Оқашаулану — әлеуметтік психологияда адамның шектеулі әлеуметтік-коммуникативтік кеңістік жағдайында ұзақ уақыт бойы болуын немесе тіпті әлеуметтік байланыстар болмауын айтады. Сол кезде қарым-қатынаста эмоционалдық шиеленіс, қабылдаудың барабар болмауы, «маңызды» ортаға төзімділіктің төмендеуі, қақтығыстар және т. б. пайда болады<sup>5</sup>.

Т. Гутеил және Р. Шейдер еңбектерінде оқашаулану ұғымын жан-жақты түсіндіруге тырысады. Олардың айтуы бойынша адамдардағы бостандықты шектеу әрдайым үлкен жауапкершілікті іс. Ережеге сәйкес мұндай мүмкіндіктердің барлығы шұғыл жағдайдағы іс-әрекет пен әрдайым дайындықты көздейтін психологиялық дайындауды өткізуден құрылады, оған мыналар кіреді:

1. Күшті күйзелісті факторлардың әсеріне төтеп бере алатын психологиялық қабілеттілік.

2. Осы жағдайларда үйреншікті мақсатқа сәйкес жұмысты іске асыру қабілеттілігі.

3. Мінез-құлықтың оңтайлы стратегиясын таңдай білу және бастамашылық пен шығармашылық ыңғайға қабілеттілігі.

4. Төтенше жағдайда білім алушылардың тыныштануына әсер ете алатын, өзін ұстау және психологиялық жағдайының дағдысын реттеуге ие болу қабілеттілігі<sup>6</sup>.

Қорытындылай келе, бұл төтенше жағдай студенттердің өміріне елеулі өзгерістер енгізіп жатыр. Жоғары оқу орындары да, білім алушылар бар күшін салып, мәселені өзертуге тырысып жатыр деп тұжырымдауға болады. Еліміздегі төтенше жағдайға байланысты қашықтықтан білім алу ұйымдастырылғандықтан, оқытушылар білім алушыларға мотивация беріп отыруы өте маңызды болып табылады. Қашықтықтан оқыту барысында білім алушыларды оқытуда жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау және мотивация беру мұқият орындалған жағдайда қашықтықтан оқыту нәтижелі болмақ.

<sup>1</sup> Воронский В. А. Исследования студентов к условию в вузы // Соционика. — 2001. — № 6. — С. 29 – 33.

<sup>2</sup> Любимова Г. Ю. От первокурсника до выпускника // Вестн. Московск. ун-та. Сер. 14. Психология. 2001. № 1. С. 48 - 52.

<sup>3</sup> Свиридова Н. А. Адаптационные процессы в среде молодежи // Соц. ис. 2002. № 1.

<sup>4</sup> Дудник Е. А. Адаптация учащихся младших классов к условиям обучения в среднем звене: Дипл. раб. — У.-К., 2000.

<sup>5</sup> Туршинский З. Многоликая адаптация // Биология в школе. — 1996. — № 5. — С. 77 – 80.

<sup>6</sup> Шайхова М. Жастардың әлеуметтік-психологиялық бейімделу мәселелері // Ұлағат. — 2004. — № 1. — 49 – 51 б.

***Нұрғалиева С. М.,***

*аға оқытушысы, психология ғылымдарының магистрі  
(Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті);*

***Нұрғалиев Е. М.,***

*оқу әдістемелік орталығының аға оқытушы-әдіскері,  
заң ғылымдарының магистрі, полиция майоры*

*(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

#### **ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСİNДЕГІ ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТӨЗІМДІЛІГІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазіргі таңда адамзаттың алдында тұрған басты мақсат әлемді жайлаған індеттен құтылу екені белгілі. Жер шарын жайлаған індет адамзат өмірінің барлық саласына айтарлықтай әсер етіп отыр. Демек еліміздегі төтенше жағдайдың жариялануына байланысты Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев жоғары оқу орындары қашықтан оқытуға көшетінін атап өткен болатын. Төтенше жағдайдың жариялануына байланысты ЖОО оқытушыларына қашықтықтан оқыту жүйесіне жедел ауысу бастапқыда айтарлықтай алаңдаушылық туғызғаны белгілі. Алайда қашықтықтан оқыту жоғары білім беру жүйесіндегі оқытушылардың тәжірибесіне енген оқыту технологиясы екені белгілі. Қашықтықтан оқыту дегеніміз — бұл оқытушы мен студент ақпараттық технологияларды қолдану арқылы қашықтықта өзара әрекеттесетін білім беру нысаны. Қашықтан оқыту кезінде студент

өздігінен жасалған бағдарламаға сәйкес айналысады, вебинарлардың жазбаларын қарастырады, проблемаларды шешеді, онлайн-чатта оқытушымен ақылдасып, өз жұмысын тексеріп отырады.

Қазіргі жағдайда біз ғана емес, бүкіл әлем осы жүйе бойынша білім беруде. «Қашықтықтан оқыту» термині оқушы мен оқытушы арасында қашықтық бар екенін білдіреді. Біздің пікіріміз бойынша қашықтан оқытудың айрықша ерекшелігі — студенттерге заманауи ақпараттық технологиялар ұсынған дамыған, ақпараттық ресурстарды қолдана отырып, қажетті білім алуға мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқытудың артықшылықтары: оқытушылар мен тыңдаушылар арасындағы қашықтықтың болуына қарамастан, олардың арасындағы байланыс интерактивті, түсінікті және қызықты түрде жүреді; оқыту ұтқыр болады. Қашықтан оқытудың кез келген түрінің тиімділігі оқытушы мен студенттің өзара әрекеттесуіне, оқытушы мен студент арасындағы кері байланысты, қолданылатын педагогикалық технологиялар мен әзірленген оқу материалдарына байланысты. Қашықтан оқытудың жетістігі көп жағдайда қолданылатын материалдардың ұйымдастырушылық және әдістемелік сапасына, сондай-ақ осы процеске қатысқан оқытушылардың көшбасшылығы мен шеберлігіне байланысты.

П. Ф. Каптерев жеке мұғалімнің «ерекше адамгершілік қасиеттері» болуы керек деп атап көрсеткен. Бұл қасиеттерге әділдік, зейінділік, сергектік, адалдық, төзімділік кіреді деген. Мұндағы өзекті мәселе «төзімділік», ағзаның жұмыс қабілеттілігінің қандай да бір жұмысты ұзақ орындау қабілеті. Психологиялық төзімділіктің дамыған айғақтарының бірі болашақ үшін қажетті және пайдалы тәжірибе сияқты өз қателіктеріне деген дұрыс қарым-қатынас болып табылады. Төзімділікті екіге бөліп қарастыруға болады. Яғни біріншісі жалпы төзімділік. Бұл дегеніміз — бұлшықет аппаратының көп бөлігінің жұмыс істеуімен орташа қарқындылықты ұзақ физикалық жұмысты орындау кезінде адам ағзасының шаршауын жеңу қабілеті. Екіншісі арнайы, яғни жоғарыда атап өткендей, берілген жұмыстың жекелеген түрлерін орындау кезінде адам ағзасының шаршаудан өту қабілеті.

Оқытушы педагогикалық еңбектің түрлі жағдайларына байланысты төзімді болуы қажет, демек ол әртүрлі факторларға табысты қарсы тұра білуі тиіс. Кез келген педагогикалық іс-әрекет эмоциялық шиеленісті болып табылады. Алайда қазіргі өмірімізде орын алып отырған төтенше жағдайда қашықтықтан оқыту жағдайында жұмыс жасау оқытушылардың төзімділік деңгейін сынға алғаны белгілі. Қазіргі заманғы ғылымда төтенше жағдайларда тұлғаның қабілеттілігі ретінде психикалық адекваттылық пен қызметінің тиімділігін сақтау үшін әртүрлі терминдерді пайдаланады:

- психикалық төзімділік (М. Ф. Секач);
- психологиялық төзімділік (В. В. Аршинова, С. А. Шувалов);
- стресске төзімділік (О. А. Ахвердова, И. В. Боев);
- жүйкелік-психикалық төзімділік (П. П. Дорогов);
- кәсіби-психологиялық төзімділік (Е. В. Василенко).

Барлық аталған терминдер өз кезегінде ерекше болып табылады, бірақ олардың негізінде стресске төзімділіктің жалпы мағынасы бар:

- 1) шиеленістік жағдайда оңтайлы жұмыс қабілеттілігі мен жұмыс тиімділігін қолдау қабілеттілігі;
- 2) жағымсыз факторлардың әсері кезінде тұлғаның оңтайлы психикалық күйді сақтау қабілеттілігі.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, төзімділік маңызды психикалық процестердің функционалды сипаттамаларын, тұлғаның қасиеттері мен сапасын, сондай-ақ нақты жағдай талап ететін психологиялық қызмет жүйесінің адекваттылық дәрежесін көрсетеді.

С. В. Субботиннің айтуынша, стресске төзімділік — бұл кешенді жеке психологиялық ерекшелік, ол дара қасиеттерді өзара байланыстырудың нәтижесінде субъектінің қоршаған ортамен әртүрлі тіршілік жағдайларында оңтайлы өзара іс-қимыл жасауына әкеледі<sup>1</sup>.

Б. Х. Варданянның айтуы бойынша, стресске төзімділік — эмоциогендік жағдайда барлық психикалық компоненттерінің арасында үйлесімді қарым-қатынасты қамтамасыз етіп, қызметтің табысты орындалуына жәрдемдесетін тұлға ерекшелігі болып табылады.

Стресске төзімділікке толығырақ анықтаманы П. Б. Зильберман (1974) береді, «стресске төзімділік — тұлғаның эмоционалды, ерік-жігерлі, интеллектуалды және мотивациялық сияқты адамның психикалық әрекетінің құрамаларымен сипатталатын және күрделі мотивті жағдайға әрекет мақсатына сәтті жетуді қамтамасыз ететін интегративті қасиеті»<sup>2</sup>.

Стресске төзімділікпен қатар эмоционалды тұрақтылық пен эмоцияларды бақылау (Е. А. Милерян) қабілетін; төтенше жағдайларда үлкен жүктемелер мен міндеттерді ойдағыдай шешу қабілетін (Н. Н. Данилова); сондай-ақ күрделі қызметті атқару кезінде эмоционалды қозу күйін жеңу қабілеттілігін (В. Л. Маришук) теңдестіреді.

Кейбір авторлар стресске төзімділікті адамның шиеленіскен жағдайларға даярлығының құрылымының бірі деп есептейді. Қазіргі заманғы психологиялық стрессті зерттеу саласындағы

алдыңғы қатарлы мамандардың бірі В. А. Бодровтың ойынша төзімділік деп «біріншіден, сыртқы және ішкі (жеке) ортаның төтенше жағдайларға бейімделу дәрежесін сипаттайтын адамның интегративті қасиеті. Екіншіден, ол субъект дамуының психикалық, физиологиялық және әлеуметтік реттеу құрылымы мен ағымдағы функционалдық күйі мен мінез-құлықтың функционалдық сенімділік деңгейімен анықталады, үшіншіден ағза мен психиканың функционалды ресурстарын қосқанда көрінетін қасиет»<sup>3</sup>.

Демек, оқытушылық қызмет ақыл-ой және эмоциялық шиеленіс жағдайында жүзеге асырылады. Жоғары білім беру жүйесінің оқытушысы ақыл-ой және эмоциялық шиеленіспен байланысты ғылыми жұмыстармен де айналысуы тиіс. Осылайша, төзімділік тұлғаның өте күрделі, көп деңгейлі, әрі мазмұнды сапалық ерекшелігі болып табылады. Онда қабілеттер кешені мен кең ауқымды, түрлі құбылыстар бірігеді.

<sup>1</sup> Аболин Л. М. Эмоциональная устойчивость в напряженной деятельности, ее психологические механизмы и пути повышения: Автореф. дис. ... д-ра психол. наук. — М., 1989.

<sup>2</sup> Смирнов С. Д. Педагогика и психология высшего образования: от деятельности к личности: Учеб. пос. для студ. высш. пед. учеб. заведений. — М., 2001.

<sup>3</sup> Качества учителя: профстандарт и реальность. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://newtonew.com/opinion/real-teacher-qualities> (дата обращения: 04.05.2021).

**Өмірзақова Д. Ө.,**

*Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультетінің магистранты, полиция майоры  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қараганды академиясы)*

#### **СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДЕГІ ДӘЛЕЛДЕМЕЛІК ЗАТТАРДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ТӘРТІБІ**

Қазақстан Республикасының Конституциясында бірінші кезекте мемлекеттің жоғары құндылықтары адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтары мен жеке мүдделері болып табылады<sup>1</sup>.

Осыған орай қазіргі заман талабына сай адамның құқықтарын, бостандықтарын, денсаулығы мен өмірін қандай да бір қол сұғушылықтан қорғау қабілеті бар құқықтық мемлекетті құруды қажет етеді.

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылдарға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы болған қылмыстарды жылдам әрі толық ашу, қылмыс жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды тиісінше қолдану мақсатында қылмыстық-процестік заңнамасын және жедел-ізвестіру қызметі туралы заңнаманы тиімді қолдануды көздейтін оңтайлы құқықтық тетіктерді әзірлеу талап етіледі<sup>2</sup>. Қазақстан Республикасының ҚПК 121-б. дәлелдеу істі заңды, негізді және әділ шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында дәлелдемелерді жинаудан, зерттеуден, бағалаудан және пайдаланудан тұратындығы қарастырылған<sup>3</sup>.

Қылмыстық ізге түсу және кінәлі тұлғаға әділ жаза тағайындау бір жағынан қылмыстық сот ісін жүргізудің мәніне жауап берсе, екінші жағынан кінәлі емес тұлғаларға қатысты қылмыстық ізге түсуден бас тарту, оларды жазадан босату, қылмыстық ізге түсуге негізсіз тартылған тұлғалардың әрбіреуін ақтауда қылмыстық сот ісін жүргізудің мәніне жауап береді.

Қылмыстық істің дұрыс шешілуі күдіктінің, жәбірленушінің, куәнің айғақтарымен, сарапшының қорытындысымен, заттай дәлелдемелермен, іс жүргізу әрекеттерінің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен анықталған іс жүзіндегі деректерге ғана негізделуі тиіс<sup>4</sup>. Іс бойынша дәлелдемелердің жарамсыздығы туралы мәселені шеше отырып, сот әрбір жағдайда жол берілген заң бұзушылықты нақты анықтауы тиіс. Бұл ретте сот жарамды дәлелдемелерді іс материалдарынан негізсіз алып тастау, сондай-ақ сот отырысында дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін нақты деректерді зерттеу жағдайларына жол бермеуге тиіс. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде, қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлардың тізіміне, оқиға және қылмыстық заңда көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері (оның жасалған уақыты, орны, тәсілі және басқа да мән-жайлары); қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті кімнің жасағаны; адамның қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаудағы кінәлілігі, оның кінәсінің нысаны, жасалған іс-әрекеттің себептері, заңдық және іс жүзіндегі қателіктері; күдіктінің, айыпталушының жауаптылық дәрежесі мен сипатына әсер ететін мән-жайлар; күдіктінің, айыпталушының жеке басын сипаттайтын мән-жайлар; жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың салдарлары; қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері; әрекеттің қылмыстық құқыққа

қайшылығын жоққа шығаратын мән-жайлар; қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға әкеп соғатын мән-жайлар дәлелденуге жатады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында қылмыстық іс жүргізушілік дәлелдеудегі басты мақсаты әлі де болса істің мән-жайларын зерттеу туралы ақиқатты білімге жету, яғни шын мәнінде болған істің фактілі мән-жайлары қылмыстық сот ісін жүргізу органдарының тұжырымдарына сәйкес болуын білдіреді. Қылмыстық іс жүргізушілік дәлелдеу үшін «дұрыстық» пен «ықтималдық» түсініктерінің ара қатынасы әлі де болса мәселе болып отыр, себебі дұрыстықта және ықтималдықта негізделген білімнің деңгейі болып табылады. Бірақ тек дұрыс білім ғана шынайылық болып саналады. Тек қылмыстық істің мән-жайлары туралы дұрыс білім ғана түпкілікті нәтижеде қылмыстық іс жүргізушілік дәлелдеуге әсер етеді деген ойдамыз.

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 ж. (23.03.2019 ж. өзгерістер және толық-р). [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_) (кірген уақыты: 04.05.2021 ж.).

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы. [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858_) (кірген уақыты: 04.05.2021 ж.).

<sup>3</sup> Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілде. (02.01.2021 жылы өзгерістер және толық-р). [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (кірген уақыты: 04.05.2021 ж.).

<sup>4</sup> Тoleyбекова Б. Х. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. — Алматы, 1998.

**Олейник В. В.,**

*старший преподаватель кафедры*

*тактико-специальной подготовки, подполковник полиции*

*(Каргандинская академия МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова)*

#### **К ВОПРОСУ О ЗАРУБЕЖНОМ ОПЫТЕ ОРГАНИЗАЦИИ СПЕЦИАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ СОТРУДНИКОВ ПОЛИЦИИ**

Профессиональное обучение работников органов внутренних дел — одна из важнейших забот любого государства. В академических кругах и в прессе многих стран мира давно обсуждается программа глобализации образования, высказываются различные точки зрения и предложения по этому поводу. В нашей стране также важен вопрос развития первого профессионального образования, в том числе определение целей и приоритетов его развития, комплексная оценка развития системы образования, целей и приоритетов развития Казахстана.

Самая важная черта нашего времени — растущее признание идеи приоритета прав человека в умах мировой общественности. Реализация этой идеи напрямую связана с деятельностью органов внутренних дел.

Национальные системы профессионального обучения правоохранительных органов иностранных государств различаются по своей форме. В западных полицейских управлениях профессиональная подготовка полицейских рассматривается как один из важных резервов улучшения работы полиции. В некоторых странах вопросы качества подготовки полицейских решаются на самом высоком уровне государственного управления.

Таким образом, Закон о модернизации полиции, принятый во Франции в 1985 г., включает развитие специальных навыков, укрепление связей с общественностью и укрепление контактов, развитие личной инициативы и т. д. В нем есть специальный раздел, в котором описаны основные аспекты повышения профессионального уровня сотрудников полиции.

В большинстве западных стран полиция имеет свою собственную систему обучения, которая включает начальную подготовку тех, кто приходит на службу в полицию, в основном в учебных центрах региональных полицейских формирований.

Начальное обучение за границей в полицейских академиях проводится сразу после приема на работу сотрудника полиции. Это одна из важнейших составляющих работы полиции, потому что, если полицейский не обучен должным образом, он не сможет показать хорошие результаты. Ряд дисциплин и программ должен отражать основные функции работы полицейского. Другая часть учебника основана на интервью с опытными полицейскими и офицерами, начальниками служб экстренной помощи. Программа обучения должна регулярно пересматриваться и обновляться.

Исследователь полицейского образования Кирк Патрик разработал критерии для определения эффективности полицейской подготовки в 1977 г. Первый критерий — это то, как курсанты реагируют на обучение. Считают ли они это чем-то ценным, заинтересованы ли они в достижении результатов и

т. д. Образование должно производить на учащихся эффективное впечатление. Вторым критерий — есть ли обучение? Усвоили ли курсанты полученные знания? Вся информация не только доступна курсантам, но и требует уточнения, понимания. Третий критерий — эффективное поведение. То, что учащиеся узнают об информации, не означает, что они будут ее использовать. После обучения важна эффективная практика для обеспечения использования знаний и навыков. И четвертый критерий — это полное использование результатов обучения. Часто бывает, что курсанты усваивают информацию, приобретают необходимые навыки, но не показывают хороших результатов в работе.

В большинстве американских полицейских академий первоначальная подготовка предусматривает изучение таких курсов, как: «Поведение человека»; «Законы»; «Патрулирование»; «Расследование при патрулировании»; «Навыки полицейского дела»; «Правила движения»; «Курс стрельбы»; «Физическая подготовка»; «Оказание первой помощи».

В настоящее время в подавляющем большинстве стран за рубежом, когда гражданин поступает на службу в полицию, он должен пройти начальную подготовку, чтобы быть принятым на работу и перейти на первый, самый низкий уровень полицейской иерархии.

Первоначальная подготовка — это профессиональная подготовка, которая является обязательной для всех, кто впервые обращается в полицию. Исключения составляют сотрудники полиции, которые немедленно поступают в профессиональные учебные заведения полиции для получения степени подготовки, после чего проводится (или не проводится) дополнительное обучение для выполнения своих обязанностей.

Базовая начальная подготовка (базовая подготовка) предназначена для обучения выполнению основных полицейских функций и навыкам выполнения полицейских функций, а также некоторым полицейским обязанностям. Это означает наиболее обычную базовую профессиональную подготовку полицейских без учета часов по специальности. Именно знание того, что невозможно продвигаться по лестнице обучения, является фундаментальным. В США, как и в Европе, начальное базовое образование означает получение минимально необходимых знаний, развитие навыков и навыков, которые потребуются при участии в миссии правоохранительных органов. В некоторых проанализированных источниках не делается различия между базовой и начальной подготовкой и дается как синоним. Продолжительность первого обучения в разных странах Европы варьируется от 4 месяцев до 4 лет. В США, полицейские академии и центры 18 – 19 недель (4,5 мес.) курсы начальной подготовки.

В большинстве стран служба в полиции и, соответственно, начальный уровень базового образования допускает подготовку не ниже среднего. Шесть стран принимают кандидатов без аттестата средней школы (Германия, Австрия, Нидерланды, Швейцария, Финляндия и Чехия). Три страны (Греция, Словацкая Республика и Словения) набирают кандидатов только с дипломами о среднем образовании.

На наш взгляд, первую предустановленную подготовку следует начинать гораздо раньше. Мировой опыт показывает, что эту работу нужно начинать в учебном заведении. В частности, в США почти в каждом департаменте были созданы младшие полицейские группы помощи из 10 – 30 добровольцев 12 – 16 лет. Оказывают посильную помощь сотрудникам правоохранительных органов: выполняют несложную канцелярскую работу, участвуют в организации общественного порядка во время массовых мероприятий, помогают сотруднику ведомства и т. д.

Во многих государствах (Англия, Нидерланды, Дания, Норвегия, Швеция и др.) проводится большая работа по сбору и обучению резервов среди молодежи для решения проблемы формирования полиции. Интересный опыт в этом отношении имеет Англия. Практически все полицейские команды здесь содержат отряды курсантов. Курсанты поступают на курс обучения в частных колледжах, где они расширяют свое представление о населении региона, в котором они имеют начальные профессиональные навыки и будут выполнять соответствующие функции.

Обычно набор сотрудников полиции неразрывно связан с их обучением. Назначение почти всех должностей, за исключением более высоких, продвижение сотрудников по этапам, перевод их из одного отраслевого звена в другое происходит благодаря успешному прохождению курса профессионального обучения. Обычно он состоит из двух этапов — обучения и практики в одном из частных учебных заведений.

На первом этапе он ориентирован на ознакомление слушателей и студентов с правовыми принципами государственного регулирования и деятельностью полиции, уголовного, уголовно-процессуального, административного законодательства, криминалистики, социологии, менеджмента, информатики и других дисциплин. При этом обучают формам, методам и тактическим приемам выполнения предстоящих действий, необходимым навыкам самообороны, транспорту, средствам связи, оружию, компьютерной технике, оказанию первой помощи и т. д. А практические занятия максимально приближены к реальным условиям. Специально оборудованные учебные центры, такие как знаменитый

Hogans-Ellic, принадлежащий Академии ФБР США, имитируют самые разные преступления — от кражи до убийства или взятия заложников.

В зарубежных странах существует разветвленная сеть учебных заведений для полицейских, где различные категории работников фактически подготовлены для всех отраслевых услуг. Для проведения курсов в учебных заведениях полиции активно привлекаются не только опытные практики, но и представители государственной и муниципальной администрации, судебных органов, вооруженных сил, профсоюзов, преподаватели вузов, ученые. Кроме того, в некоторых штатах США, подготовка полиции также проводится в центрах специального обучения.

<sup>1</sup> Шушкевич И. Ч. Профессиональная подготовка полицейских в европейских странах. — СПб., 1997.

<sup>2</sup> Черненилов В. И. Сравнительный анализ систем профессиональной подготовки кадров для правоохранительных органов США и России // Вестник методического центра профессионального образования и координации научных исследований 1996. № 6.

**Омирова М. С.,**

*Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультетінің  
магистранты, полиция капитаны*

*(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

### **ШЕТЕЛДЕРДІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ ТЕРІС ҚЫЛЫҚТАР ҮШІН ЖАЗА ЖҮЙЕСІ**

Жер шарында болып жатқан жаһандану ықпалымен түрлі мемлекеттердің құқықтық жүйесінің бір-біріне әсері күшейіп, олар өзара ықпалдастықта, сабақтастықта дамып келеді. Бұл үдерістің жүйелі сипат алуына, озық үлгілердің тез таралуына салыстырмалы құқықтану өз үлесін қосып келеді.

Әлем кеңістігінде болып жатқан құқықтық жүйелердің ұлттық құқықты жаңғырту және жетілдіру үшін тек өз тәжірибемізге жүгініп қана қоймай, қажет кезде біздің құқықтық жүйемізге дәстүрлі түрде тән болмаса да, іс жүзінде өзінің тиімділігін дәлелдеген, біздің мүдделерімізге жауап беретін шетелдік институттарды да пайдалануды талап ететіні белгілі.

Отандық қылмыстық заңнамаға қылмыстық заңмен жазаланатын әрекеттердің бір түрі болып табылатын қылмыстық теріс қылық ұғымының енгізілуіне шетелдік тәжірибенің ықпалы болғаны сөзсіз. Алыс шетелдердің қылмыстық заңнамасына сипаттама бере отырып, профессор Е. Ә. Оңғарбаев қылмыстарды топтастыру дәстүрінің ұзақ тарихы бар екенін, оны ежелгі құқықтық ескерткіштерден де кездестіруге болатынын жазады<sup>1,20</sup>.

Шетелдердің қылмыстық құқығындағы қылмыстық әрекеттердің топтастырылуы мен оның жазалар жүйесіне әсеріне сипаттама бергенде олардың өзіндік ерекшеліктері негізінен әрбір елде қалыптасқан құқықтық дәстүрлермен айқындалатынын ескеру қажет.

Жақын шетелдердегі қылмыстық әрекеттердің топтастырылуын талдау посткеңестік мемлекеттерде қылмыстық теріс қылық санаты қарастырылмайтынын көрсетті. Қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекеттердің дербес түрі ретінде қылмыстық теріс қылықты Қазақстанның қылмыстық заңнамасы ғана көздейді. Біздің елдің қылмыстық заңнамасының басқа көршілес мемлекеттердің заңнамасынан көп ерекшеленетінін айта отырып, Беларусь заңгері С. В. Сыс «Қазақстанның ҚҚ қылмыстық жауаптылықты туындататын әрекеттерді екі деңгейде топтастырады: бірінші деңгейде олардың барлығы қылмыстық теріс қылықтарға және қылмыстарға бөлінеді, ал екінші деңгейде қылмыстар санаттарға бөлінеді», — деп атап өткен болатын<sup>2, 117-123</sup>.

Алыс шетелдердің қылмыстық заңнамасындағы қылмыстық әрекеттерді топтастыру мен жазалар жүйесі ТМД мемлекеттеріндегіден көп ерекшеленеді. Ең бірінші кезекте, алыс шетелдердің заңнамасында қылмыстық құқыққа қайшы әрекеттер бірнеше (әдетте — екі, кейде — үш) түрлерге бөлініп, олардың әрқайсысына сай жаза түрлері көзделеді. Басқа ерекшеліктердің қатарында жазалар жүйесін құру принциптерінің өзгешелігін, жазалардың ауырдан жеңіліне қарай ретпен орналастырылуын, құқықтарды шектейтін немесе құқықтардан айыратын негізгі және қосымша жазалар тізімдемесінің кең болуын, кейбір жаза түрлерінің атқарылуының қылмыстық заңмен реттелуін атауға болады.

Испанияның 1995 жылғы Қылмыстық кодексі қылмысты әрекеттерді қылмыстар мен теріс қылықтарға бөледі, өз кезегінде қылмыстар ауыр және ауырлығы төмен деп бөлінеді.

Ауыр қылмыс деп қатаң жаза, яғни бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген құқық бұзушылықтар танылады. Қатаң емес, яғни бес жылдан кем мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы көзделген құқық бұзушылықтар ауырлығы төмен қылмыстарға



жатқызылады. Теріс қылықтар санатын жеңіл жаза, яғни бас бостандығынан айырудан жеңілірек жаза көзделген құқық бұзушылықтар құрайды.

Испания Қылмыстық кодексінің 33-бабына сай сипаты мен ұзақтығына қарай жазалар қатаң, қатаң емес, жеңіл деп бөлінеді. Олардың әрқайсысы қылмысты әрекеттердің жоғарыда аталған топтарына сәйкес келеді. Қылмыстар үшін тағайындалатын жазаларды Испания Қылмыстық кодексінің II-кітабы реттесе, теріс қылықтар үшін көзделетін жазаларды Кодекстің III-кітабы реттейді.

Испания қылмыстық заңнамасындағы жазалар жүйесін зерттеген ғалым А. Р. Абакаров бұл елдің қылмыстық заңнамасындағы жазалар жүйесі қылмыстық заңмен қудаланатын әрекеттердің қылмыстар мен теріс қылықтарға бөлінуіне тәуелді екенін атап өтіп, осы тәуелділіктің қылмыстық заңнамада жауаптылықты жіктеу (дифференциациялау) принципін дәйектілікпен жүзеге асыруға жағдай жасайтынына жоғары баға береді.

6) значимостью определения теоретических, доктринальных и нормативно-правовых аспектов оптимизации организационного механизма деятельности ОВД РК при ЧС социального характера;

7) перспективой установления организационно-правовых и структурных аспектов функционирования ОВД РК при ЧС социального характера, в том числе во взаимодействии с иными правоохранительными органами в Республике.

Продолжая строить правовое государство, Казахстану необходимо брать во внимание ситуации чрезвычайного характера, которые происходят в странах участниц ОДКБ, примером тому может послужить происходившие в Республики Беларусь беспорядки, митинги, шествия (мирные) как их называют СМИ, которые наталкивают на мысли хорошо спланированной операцией сил извне.

Так что же было упущено в Республики Беларусь, что могло послужить внезапному всплеску народных масс? На наш взгляд предпосылки уже существовали и до выборов Президента.

1. В первую очередь это распространение негативной информации о существующей власти в просторах сети Интернет - слабая работа лиц, отвечающих за распространение фейковой информации) —

как вариант для предупреждения необходим усиленный мониторинг различных мессенджеров и интернет порталов.

2. Финансирование извне, сборы денежных средств (завуалированы под различные мирные акции) нет контроля передвижения средств.

3. Негативный образ полиции, и государственных служащих (обозленный народ).

4. Социальное неравенство, пропаганда красивой и жизни.

5. Создание различных нестандартных религиозных организаций (зомбирование людей).

6. Компрометирование государственной власти (Президента).

7. Кризис — независимый фактор, но он есть.

8. Пенсионные реформы (очень сильно подогревают людей пенсионного возраста и пенсионеров).

9. Слабая работа с молодежью и молодежными организациями.

10. Провальная работа по укреплению авторитета первого руководителя.

11. Беспринципная судебная система (на наш взгляд тоже немаловажный фактор).

На наш взгляд данный перечень не исчерпывающий и есть проблемы, над которыми необходимо работать и брать во внимание.

Подытожив, можно сделать выводы о том, что за 30 лет суверенного государства, Руководством страны проделана огромная работа по поддержанию Мира, согласия и благополучия в стране, но не стоит забывать о том, что присутствуют угрозы из вне, на которые следует постоянно реагировать не только руководству страны, а также научному сообществу.

<sup>1</sup> Конституция Республики Казахстан. Принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 г. (с изм. и доп. по сост. на 23.03.2019 г.) // Ведомости Парламента Республики Казахстан. — 1996. — № 4. — Ст. 217.

<sup>2</sup> Цит. по: Басова Ю. Ю., Пьянников В. И. Онтологическая и гносеологическая характеристика чрезвычайных ситуаций // Современные гуманитарные, медицинские и технические науки в мировом контексте: Сб. науч. тр. междунаро. науч.-практ. конф. ЧОУ ВО «Академия управления и производства» от 17 февраля 2020 г. / Под ред. Е. А. Никитин. — М., 2020. — С. 92 — 97.

***Райбаев Д. К.,***

*жалпы заң пәндері кафедрасы бастығының орынбасары,  
философия докторы (PhD), полиция майоры;*

***Бекет Д. М.,***

*Жоғары оқу орнына кейінгі білім беру факультетінің магистранты, полиция капитаны  
(Қазақстан Республикасы ИІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

## **ЗАҢДЫ ТҰЛҒА ТЕРРОРИЗМ АКТІСІМЕН ЗАРДАП КЕЛТІРУ САЛДАРЫНАН БОЛҒАН МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ СУБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ**

«Терроризмге қарсы іс-қимыл» туралы заңда жеке және заңды тұлғаларға терроризм актісінің салдарынан келтірілген мүлдік зиянды өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылатындығын көрсетсе, терроризм актісінің салдарынан келтірілген моральдық зиянның орнын толтыру оны жасаған адамдардың есебінен жүзеге асырылатындығын белгілейді.

Сондай-ақ елімізде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 914 қаулысымен бекітілген «Терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының құқыққа сыйымды әрекеттерімен терроризм актісінің жолын кесу кезінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу қағидалары» бекітілген<sup>1</sup>.

Зиян келтіру салдарынан болған міндеттемелердің субъектілерінің бірі — зиян келтіруге уәкілетті (азаматтар, заңды тұлғалар мен мемлекет) болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 877 қаулысымен бекітілген «Терроризм актісінің салдарынан жеке және заңды тұлғаларға келтірілген мүлдік зиянды өтеу қағидалары» осы мәселеге арналған<sup>2</sup>.

Терроризм актісінің нәтижесінде зиян келтірілген ұйымға заңды тұлға мәртебесі қажет. Заңды тұлға кінәсі мәселесі — ең көне цивилистикалық проблемалардың бірі. Құқықта кінә туралы сөз қозғалғанда, ең алдымен, оның жеке тұлғаларға (индивидтерге) тән мінез-құлықтың жай-күйі екендігін аңғаруға болады. Қазіргі кезде заңды тұлға кінәсіне қатысты ортақ пікір қалыптаспаған. Мұнда да екі түрлі позиция бар: бірі заңды тұлғаның кінәсі оның уәкілетті тұлғаларының кінәсінде көрініс табады десе, екіншісі заңды тұлғаның өзі ғана кінә субъектісі болып табылады деген тұжырымды ұстанады. Заңды тұлғаның кінәсі түсінігін дұрыс анықтау, әсіресе, заңды тұлғалар субъектілер болып табылатын құқық бұзушылықтарды саралау кезінде елеулі маңызға ие. Ғылыми

зерттеулер барысында келесідей сұрақтар туындайды: «психикалық қатынас түсінігі» заңды тұлғаларға қатысты ма, заңды тұлғаның кінәсі қасақана немесе абайсыздық нысандарында көрініс табады ма?

Азаматтық құқықтың арнайы мәселелерінің бірі болып жауапкершілікке тарту кезіндегі заңды тұлға кінәсінің концепциясын жасап шығару болып табылады. Заңды тұлға жауапкершілігінің даулы болуы оның ақыл-есінің және жасаған іс-әрекетіне деген психикалық көзқарасының болмауымен сипатталатын құқықтық жалғандылық (фикция) мәнінен туындайды. Тиісінше, интеллектуалдылық және еріктіліктен тұратын тұлғаның өзінің құқыққа қайшы іс-әрекетіне деген психикалық көзқарасы ретінде қарастырылатын кінәнің ұғымын заңды тұлғаға қатысты қолдану мүмкін болмай қалады. Бұдан туындайтын сұрақ: заңды тұлғаның кінәсі ретінде нені түсінеміз?

Қазақстан Республикасы АҚ-нің 33-бабына сәйкес заңды тұлғалардың өз атынан құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатынына қарамастан, шындығында «өз іс-әрекеттерімен заңды тұлғалар ештеңені иеленуге дәрменсіз... ол үшін өз құқық субъектілігі бар жеке тұлғалардың қатысуы қажет»<sup>3</sup>. Өзінің теориясына сүйене отырып, автор заңды тұлға азаматтық айналымға әрбір қатысқан кезде тек сол заңды тұлғаның құқық субъектілігін ғана емес, сондай-ақ заңды тұлғаның органы ретінде түсетін нақты жеке тұлғалардың да әрекет қабілеттілігін анықтаудың қажет екендігін атап өтеді. Бұл тұрғыда 1245 жылы Рим папасы Иннокентий IV айтқан сөздері орынды болып келеді: «Заңды тұлғалар тек жалғанда ғана бар болып есептеледі, олар тәнсіз және сәйкесінше, олар ерікке ие бола алмайды. Корпорацияның өзі емес, тек оның мүшелері ғана әрекет етеді, сондықтан да корпорация құқық бұзушылық жасай алмайды...»<sup>4</sup>.

Осылайша азаматтық-құқықтық ғылым теориясы заңды тұлғаның кінәсін талқылауда өзіндік әдістерді қорытып шығарды. Қазіргі кезде кінә түсінігін екі тұрғыдан қарастыратын объективті және субъективті тәсілдер қалыптасқан. Объективті тұрғыдан кінә құқық бұзушылықтың объективті құрамымен анықталып, құқық бұзушылықтың құқық қақайшылық, зиян және себепті байланыс сияқты белгілерінің болуымен сипатталады. Мұнда кінә элементі келтірілген зиянға жеке қатынас ретінде емес, заңды тұлғаның жеке тұлға секілді кінәні иелену қасиеті ретінде қарастырылады. Субъективті тәсілге сәйкес заңды тұлғаның кінәсі дегеніміз — оның жұмысшыларының (әкімшілігі, қызметкерлерінің және т. б.) кінәлі әрекеттері.

Қылмыстық заңнама қылмыс субъектісі ретінде заңды тұлғаны қарастырмайды. ҚР ҚК-де заңды тұлға қылмыстық жауапкершілігінің қарастырылмауы қылмыс құрамының қажетті элементі кінәнің өзімен негізделеді; кінә қасақана немесе абайсыздық нысандарында жасалған әрекетке психикалық қатынас болып табылады. Бұл мән-жай нақты жеке тұлғаның мінез-құлқын меңзейді және заңды тұлғаға қатысты қолданылмайды. Қылмыстық жауапкершілік, ең алдымен, қылмыс жасаған жеке тұлғаны анықтайды және келесідей мақсаттарға бағытталған: біріншіден, жеке тұлғаны оның әрекеті үшін айыптау, екіншіден, түзеу. «Жеке жауапкершілік» қағидасы қылмыстық құқықтың классикалық мектебімен қалыптастырылған. «Ұйымдар, кәсіпорындар, мекемелер қылмыстық-құқықтық тұрғыдан кінәлі болып табыла алмайды, ал оларға қолданған жаза өз мақсатына жетпейді. Жауапты тек жеке тұлғалар ғана болуы мүмкін...»<sup>5, 125</sup>.

Азаматтық-құқықтық қатынастарда бір тарап ретінде заңды тұлға қарастырылса, мұндай қатынастарға заңды тұлғаның атынан оның ұжымы немесе құрылымдық бөлімшелері қатыспайды, тек заңды тұлғаның өзі ғана қатысушы тарап болып есептеледі. Заңды тұлғада оның жеке қатысушыларының еркімен сәйкес келмейтін ерік болады<sup>6, 221</sup>. Заңды тұлғаның дәстүрлі қалыптасқан белгілерінің бірі болып оның өз міндеттемелері бойынша дербес мүліктік жауапкершілікте болуы қарастырылады. Бұл келтірілген зиян үшін, сонымен қатар шарттан туындайтын міндеттемелерге заңды тұлғаның өзі жауап беретінін көрсетеді және кінә жауапкершілік негізі ретінде тікелей заңды тұлғаға тиесілі болып табылады.

Сонымен, жоғарыда атап өткеніміздей, заңды тұлғаның бір бөлігі ретінде оның органдары болып табылады. Сондай-ақ шарттық міндеттемелерді орындау кезінде заңды тұлғаның бір бөлігі ретінде оның қызметкерлері де түсуі мүмкін. Бұл мәселе ҚР АҚ-нің 362-бабында тікелей көрсетілген: «Борышкердің міндеттемесін орындау жөніндегі лауазымды адамдарының немесе өзге қызметкерлерінің әрекеттері борышкердің әрекеттері болып есептеледі. Борышкер бұл әрекеттер үшін, егер олар міндеттемені орындамауға немесе тиісті дәрежеде орындамауға әкеліп соқтырса, жауап береді». Егер заңды тұлға өз міндеттемелерін жүзеге асыру үшін азаматтық құқықтық шарт негізінде өзге тұлғаларды тартатын болса, онда мұндай тұлғалар «үшінші тұлға» ретінде қарастырылуы қажет және оның іс-әрекеті осы заңды тұлғаның іс-әрекеті деп танылмауы тиіс.

Сондықтан біз заңды тұлғаның жүзеге асырылған еркіне баға берген кезде оның құрамдас бөлігі болып табылатын тұлғалардың (тиісті құжаттар негізінде әрекет ететін тұлғалар мен органдары) іс-

әрекетіне қарап баға бере аламыз. Бұл тұрғыда заңды тұлға еркінің қалыптасуына байланысты С. И. Братусьтің ой тұжырымдамасын келтірген орынды болады: «Құқық ерік қалыптасуының психологиялық үдерістерін емес, оның объективті сыртқы көрінісін, нәтижесін немесе мазмұнын зерттейді.

Заңды тұлғаның еркі — бұл психологиялық тұрғыдан оның басқару органдары арқылы, яғни адамдармен жүзеге асырылғанымен, шындығында бұл заңды тұлғаның тікелей өзінің еркі»<sup>7, 6</sup>.

Заңды тұлға кінәсі мен жеке тұлға кінәсінің ортақ тұстары көп. Мұндай ұқсастық заңды тұлға қызметінің нақты өмірдегі адамдардың әрекеттерінен құралатынынан туындайды. Тіпті, көп жағдайларда заңды тұлғаның кінәсі белгілі бір адамдардың кінәсінен пайда болады. Мысал ретінде, заңды тұлғаға мүліктік залал оның нақты жұмысшыларының немқұрайлығынан келтірілуі мүмкін. Аталған мән-жай, яғни нақты жұмысшының кінәсі заңды тұлғаның кінәсін белгілеуде анықтаушы фактор болып табылмайды. Нақты жұмысшыда кінәнің болу фактісі заңды тұлғада кінәнің бар екендігін куәландыратын мән-жай ретінде қарастырылады. Азаматтық құқықта жеке және заңды тұлға мәртебелерін салыстыра келе, олардың азаматтық-құқықтық қатынастардың теңдей қатысушылары болатынын көре аламыз. Соған сәйкес азаматтық құқықтың субъектілері ретінде тек өзіндік психикалық ой-өрісі бар, өз мінез-құлқын өзі реттей алатын жеке тұлғалар ғана емес, сонымен қатар заңды тұлғалар да қарастырылады. Заңды тұлғалар жеке тұлғалармен теңдей дәрежеде азаматтық-құқықтық мүліктік қатынастарға қатысушы болып табылады. Жеке тұлғада құқық қабілеттілік туылған кезден бастап пайда болады; заңды тұлғалар да жеке тұлғалар сияқты құқық қабілеттілікке ие болады, олардың мұндай қабілеті құрылған кезде пайда болып, таратылған кезде тоқтатылады. Заңды тұлға азаматтық құқықтың дербес субъектісі бола тұра, өзінің азаматтық құқық қабілеттілігін ішкі құрылым, өз қызметінің ішкі ұйымдастырылуы мен ұйымдастырушылық бірлігі арқылы жүзеге асырады. Сондықтан заңды тұлғаның кінәсін жеке тұлғаның кінәсі секілді мінез-құлқты психикалық реттеу, адамның құқыққа қайшы әрекет (әрекетсіздік) пен оның салдарына психикалық қатынас арқылы қарастыру мүмкін емес.

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 914 қаулысымен бекітілген «Терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының құқыққа сыйымды әрекеттерімен терроризм актісінің жолын кесу кезінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу қағидалары». [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000914> (кірген уақыты: 04.05.2021 ж.).

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 877 қаулысымен бекітілген «Терроризм актісінің салдарынан жеке және заңды тұлғаларға келтірілген мүліктік зиянды өтеу» қағидасы. [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000877> (кірген уақыты: 04.05.2021 ж.).

<sup>3</sup> Богданов Е. В. Правовое положение органа юридического лица // Журнал рос. права. — 2001. — № 3.

<sup>4</sup> Шершеневич Г. Ф. Избранное. Т. 5: Учебник русского гражданского права / Вступ. слово, сост.: П. В. Крашенинников. — М., 2017. [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: [http://www.consultant.ru/edu/student/download\\_books/book/shershenevich\\_gf\\_izbrannoe\\_t5](http://www.consultant.ru/edu/student/download_books/book/shershenevich_gf_izbrannoe_t5) (кірген уақыты: 04.05.2021 ж.).

<sup>5</sup> Жуковский В. И. Субъект преступления в уголовном праве России: Дис. ... канд. юрид. наук. — Ставрополь, 2002.

<sup>6</sup> Кулагин М. И. Предпринимательство и право: опыт запада // Избранные труды. — М., 1997.

<sup>7</sup> Братусь С. Н. Юридические лица в советском гражданском праве. — М., 1947.

**Рахымбердиева Қ. Д.,**

*Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультетінің магистранты;*

**Қалиев А. Қ.,**

*қылмыстық процесс кафедрасының профессоры,*

*заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі*

*(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

#### **ТЕРГЕУШІ МЕН АНЫҚТАУ ОРГАНЫНЫҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫ БАРЫСЫНДАҒЫ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысанында қылмыстық істерді ашу және сапалы тергеу, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау барысы бүгінгі таңдағы өткір мәселердің бірі болып отыр. Осыған орай жыл басында Мемлекет басшысының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың қылмыстық процестегі құқықтарын қорғауды күшейту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қылмыстық-процестік кодекске енгізілген кейбір өзгерістер мен толықтырулар қылмыстық қудалау органдарының қызметін жетілдіру мәселелеріне тікелей әсер етеді. Бұл азаматтардың қылмыстық процестегі құқықтарын қорғауды күшейту, қылмыстық қудалау органдарының мамандық қызметін арттыру және дұрыс ұйымдастыруын жүзеге асыруға қажетті кәсіби деңгейін,

жауапкершілігін жоғарлату көзделген. Сондықтан қылмыстық-процестік кодекстегі өзгеріс нормаларын дұрыс түсініп, оны практикада қолдана білу құқық қорғау органдарының басты мақсаттарының бірі болып табылады.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өзара іс-қимылы сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында қылмысты ашу мен алдын алуға бағытталған қызметтерінің байланысын қалыптастырып, олардың өкілеттіліктерін, құралдары мен әдістерін дұрыс бағытта пайдалануға жол ашады. Сонымен қатар бірқатар ғалымдар өзара іс-қимылдың процессуалдық және ұйымдастырушылық нысандарын бір-бірінен ажырату қажеттілігін көрсеткен болатын.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында өзара іс-қимылдың нысаны ретінде тергеуші мен анықтау органдары арасындағы байланысты, олардың бірігіп қызмет ету тәсілдерін қарастырады. Сонымен қатар аталған ғалым әрекет етуші субъектілердің өзара ақпарат алмасуын іс-қимылдың бір нысаны ретінде сипаттайды<sup>1, 49</sup>.

Өзара іс-қимылға бағытталған тергеушінің ұйымдастырушылық функциясының орындалуы шартты түрде болады, оның негізінде «мақсаттар, күштер, шаралар және жоспарлау жүйелеу, сапалы тергеу жүргізуге және оған басшылық етуге негізгі жағдай жасау (тергеушінің логикалық тұрғыда ойлаынып, болған қылмысты көз алдына елестету арқылы тиісті шаралар қабылдау) болады». Сонымен қатар ұйымдастырушылық функциясының көп жоспарлық құқықтық, этикалық және психологиялық әдістерін қолданып, әрекет етуі оның алдында тұрған мәселелерді дұрыс шешуге, әсіресе, басқа органдармен өзара іс-қимыл барысында тәжірибелік маңызы мол болады. Бұл тергеушінің процессуалдық өзіндік мәселелерін жан-жақты қарастыруға ұйымдасып атқаруға септігін тигізеді<sup>2, 54</sup>.

Осы мәселеге байланысты кейбір ғалымдар өзара іс-қимылдың мазмұнын жан-жақты ашып, қылмыстық іс жүргізу қызметіне қатысатын субъектілердің қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру бағытында өзара іс-қимыл ретінде қарастырса, ғалымдардың екінші бір тобы нақты бір қылмыстық істі тергеп-тексерудегі тергеуші мен жедел қызметкердің өзара іс-қимылының мазмұнын ғана қысқаша қарастырады.

Қылмыстық істі тергеп-тексеру барысындағы өзара іс-қимылды Н. Н. Загвоздкин бірнеше құқық қорғау және бақылаушы органдардың ортақ мүдделерге жету мақсатын көздейтін өзара іс-қимылы және бір орган ішіндегі әртүрлі қызметтердің өзара іс-қимылы деп өз еңбегінде екіге бөліп қарастырған<sup>3, 15</sup>.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында құқық қорғау органдарының қылмыстарды ашудағы өзара іс-қимылының негізділігі төменгі факторлармен анықталады:

1. Қызмет саласында заң талаптарын сақтау бағытында ортақ мақсаттар мен міндеттердің болуы; субъектілерінің қылмыстық әрекеттерін анықтау, ашу және алдын алу. Қазақстан Республикасының 23.04.2014 жылғы «Ішкі істер органдары туралы» заңына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау, қоғамдағы жалпы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстылықтың алдын алу секілді әрекеттерді арнайы өкілеттіліктерге ие мемлекеттік орган болып табылады Ішкі істер министрлігі жүзеге асырады. Бұл, өз кезегінде, қылмыстың жолын кесу және оның алдын алу барлық құқық қорғау органдарының ортақ міндеті екенін көрсетеді.

2. Құқық қорғау және мемлекеттік бақылаушы органдардың өзара іс-қимылының құқықтық негізі заңдар, ведомстволық нормативтік-құқықтық актілер болып табылады.

Болған қылмыстарды ашу, тергеп-тексеру және алдын алуға бағытталған әрекеттері тергеуші мен жедел қызметкерлердің толық заңға негізделген және көп тараған өзара іс-қимылының айқын дәлелі. Сондай-ақ бұл өзара іс-қимылдың құқық қорғау органдарында кең тараған түрі болып табылады. Тергеуші мен жедел бөлім қызметкерлерінің өзара іс-қимылын криминалистика, жедел-іздігіру қызметі, қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу құқығы саласында түрлі деңгейдегі білімдерге ие, қылмысты ашу мен тергеп-тексеру, ақиқатқа жету және заңның дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету секілді ортақ мақсаттары бар, әрекеттері заңдар мен өзге нормативтік-құқықтық актілерге негізделген әртүрлі өкілеттіліктерге ие құқық қорғау қызметкерлерінің бірігіп жасайтын қызметі ретінде қарастыруға болады.

Қылмысты тергеп-тексеру барысында тергеуші мен жедел қызметкердің біріккен әрекеттерін іске асыру мерзімі және орны барлық уақытта алдын ала келісілмейді. Бұған қоса қылмыстық-процестік заңнамада анықтау органының тергеушінің тапсырманы орындау мерзімі анықталмаған. Қылмыстық алдын алу және оны ашу жөніндегі тапсырманы тез арада орындау мүмкіндігінің болмауы анықтау органына оны өз бетінше орындауға мүмкіндік береді. Сондықтан олардың өзара іс-қимылының уақыты және орны анықталған деп айтуға ешқандай негіз жоқ.

Алдын ала тергеп-тексеру тәжірибесі көрсетіп отырғандай, үш жағдайда тергеуші мен жедел қызметкердің өзара іс-қимылына қатаң талап қойылады. Бұл жағдайлар қылмыстарды ашу, күдіктілер

мен айыпталушыларды ұстау және қылмыстардың алдын алу секілді алдын ала тергеудің күрделі кезеңдерінде шешілетін міндеттермен байланысты.

Жедел қызметкердің алдына нақты міндеттердің қойылуы, бір тапсырмадан екіншісіне көшу жылдамдығы, жедел тексеруді және процессуалдық құралдармен бекітуді қажет ететін тергеу және жедел-іздігіру әрекеттерін жүзеге асыру барысында анық болған мәліметтерді пайдалануды қамтитын қылмысты ашу барысындағы өзара іс-қимыл өз кезегінде анық, әрі жедел болуы қажет.

Қылмысты тергеп-тексеру барысында тергеуші мен жедел қызметкерлердің өзара іс-қимылы бірнеше қағидаларға негізделеді:

1. Өздеріне жүктелген міндеттер мен қызметтерді орындау барысында заң талаптарын қатаң сақтау.

2. Тергеушінің ұйымдастырушылық қызметті жүзеге асыруы. Анықтау органдары тергеліп жатқан қылмыстық істер бойынша тергеушінің жедел-іздігіру және тергеу әрекеттерін жүзеге асыруға байланысты нұсқаулары мен тапсырмаларын орындауға міндетті<sup>4, 22</sup>.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында тергеуші мен жедел бөлімнің өзара іс-қимылдарын жүзеге асыру нысандарын топтастыруының түрлі негіздері және сәйкесінше алуан жолдары бар. Тергеуші тергеліп жатқан іс бойынша жедел қызметкерінің жедел-іздігіру шараларын жоспарлауға қатысып, жүзеге асыру әдісі мен тактикалық әрекеттер шеңберін анықтауға, жекелеген шараларды орындау үшін жауапты адамдарды тағайындауға, тергеуден жалтарып жүрген қылмыскерді іздеуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға тапсырма береді.

Сонымен, құқық қорғау және мемлекеттік бақылаушы органдардың қылмыстарды анықтау, олардың өзара ойластырылған әрекеттеріне байланысты. Жалпы өзара іс-қимыл әрбір органның ведомстволық актілерінде, бірлескен бұйрықтарда және қаржы саласындағы қылмыстар мен құқыққа қайшы әрекеттердің жолын кесу бағытындағы Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінде көрініс тапқан. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы әрбір іс-қимылдардың тәртібі, әрекет етуші тараптардың ортақ міндеттерін шешудегі өкілеттіліктері, іс-қимылдың мақсаты мен оны іске асыруды ұйымдастыруға байланысты болады.

<sup>1</sup> Чувилев А. А. Взаимодействие следователя органов внутренних дел с милицией. — М., 1981.

<sup>2</sup> Ахпанов А. Н., Насыров Г. Х. Арест в качестве меры пресечения: проблемы судебного контроля и санкционирования: Монография. — Алматы, 2005.

<sup>3</sup> Ищенко Е. П. Проблемы первоначального этапа расследования преступлений. — Красноярск, 1987.

<sup>4</sup> Гурев М. С. Убийства на «разборках»: Методика расследования. — СПб., 2001.

**Саидов Ф. З.,**

*адъюнкты, майор милиции*

*(Академия управления МВД России, г. Москва)*

### **ОМБУДСМЕН КЫРГЫЗСКОЙ РЕСПУБЛИКИ В МЕХАНИЗМЕ ЗАЩИТЫ ПРАВ И СВОБОД ЧЕЛОВЕКА И ГРАЖДАНИНА**

В связи со значительными изменениями в жизни государства и общества вопрос эффективной защиты прав и свобод человека и гражданина в Кыргызской Республике стала сегодня приоритетной задачей. Государство закрепило приверженность к общепризнанным принципам и нормам международного права в области прав человека, а также развивает и внедряет механизмы защиты его прав. Особое место среди них занимает институт омбудсмента.

Проблема защиты прав и свобод человека и гражданина обуславливается несколькими причинами: во-первых, большим количеством нормативно-правовых актов, затрагивающих права человека, во-вторых, отсутствием взаимодействия между органами публичной власти, призванными защищать права и свободы человека и гражданина. Кроме того, вопросы, возникающие в правоприменительной практике, свидетельствуют о несовершенстве нормативно-правового регулирования в сфере защиты прав и свобод человека и гражданина. Отсутствие четкой систематизации и существующие законодательные пробелы в регулировании прав и законных интересов человека позволяют сделать вывод, что рассматриваемая проблема является одной из главных как для юридической науки, так и для практической деятельности государственных органов, в том числе для органов внутренних дел.

Во время создания института Омбудсмента в Кыргызской Республике государство стремилось перенять опыт зарубежных стран, сохранив при этом обычаи и традиции народа<sup>1, 42</sup>. Омбудсмен является внесудебным органом защиты прав и свобод человека и гражданина вся его деятельность направлена



на восстановление прав и свобод человека и гражданина, всеми доступными средствами, предоставленными ему законодательством<sup>2, 16</sup>.

Правоприменительная деятельность омбудсмена в настоящее время носит специфический характер, заключается в отсутствии властных полномочий<sup>3</sup>. Во время исполнения своих полномочий защитник использует метод убеждения, призывает органы публичной власти осуществлять свою деятельность в рамках закона, а также соблюдать нормы морали. Акты реагирования омбудсмена по фактам нарушения прав и свобод человека и гражданина не содержат обязательных предписаний для выполнения<sup>4</sup>. В основном органы публичной власти могут и не выполнить акты реагирования омбудсмена, потому что они не обладают юридической силой. Но в своей деятельности институт омбудсмена совместно со СМИ и институтами гражданского общества придают гласности, что органы публичной власти не исполняют акты реагирования, что имеет соответствующий положительный резонанс в обществе и повышает эффективность деятельности омбудсмена по защите прав и свобод человека и гражданина.

В правовых государствах институт омбудсмена является неотъемлемой частью правовой системы, которая выражает интересы гражданского общества, защищает от бюрократизма органов публичной власти. Именно институт омбудсмена занимает важное место в системе государственных органов, которые призваны обеспечивать права и свободы человека и гражданина. Его правоприменительная практика доказывает, что институт омбудсмена способствует укреплению прав и свобод человека. В механизме защиты прав и свобод человека и гражданина омбудсмен занимает важное место в силу специфики его принадлежности как государственному органу и институту гражданского общества.

Таким образом, институт омбудсмена призван осуществлять государственный контроль, но этот контроль проявляется только в области защиты прав и свобод человека и гражданина.

<sup>1</sup> Колопов А. С. Становление и пути совершенствования деятельности института Омбудсмена в Кыргызской Республике // Правое государство / Под ред. С. К. Косакова. — Бишкек, 2003.

<sup>2</sup> Шамрин М. Ю. Административно-правовой статус Уполномоченного по правам ребенка: историко-теоретический аспект: Монография / Под ред. Д. К. Нечевина. — Тула, 2015.

<sup>3</sup> Башимов М. С. Институт омбудсмена в Республике Казахстан и зарубежных стран: Автореф. дис. ... д-ра юрид. наук. — Астана, 2008.

<sup>4</sup> Закон Кыргызской Республики «Об Омбудсмене (Акыйкатчы)» от 31 июля 2002 г. № 136. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/1093> (дата обращения: 17.02.2021).

**Сайпилаев Д. Н.,**

*Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультетінің  
магистранты, полиция аға лейтенанты*

*(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

### **АЗАПТАУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ**

Азаптауды қолдану — халықаралық проблема. Мұның дәлелі халықаралық деңгейде адам құқықтарын қорғаудың берік құқықтық базасының дамуы болады. Бұрын талданған халықаралық құқықтық құжаттарда азаптауларға және өзге де қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қорлайтын қарым-қатынас пен жазаларға сөзсіз тыйым салу көзделген. Алайда, осыларды іске асырудың тиісті тетіктері болмаса, тиісті халықаралық құқықтық нормаларды тек ниет, декларация ретінде қарастыруға болады.

Өздеріңіз білетіндей, кез-келген құқықтық нормалар оларға жүктелген функцияларды олар орындалған жағдайда ғана жүзеге асырады. Бақылау кепілдік ретінде әрекет етеді. Сонымен қатар, бұл ішкі және халықаралық бақылауды қажет ететін халықаралық сипаттағы нормалар, өйткені мемлекет мұндай нормаларды орындау субъектісі ретінде ғана танылады. Сондықтан халықаралық қоғамдастық азаптаулардың алдын алу проблемасын тек тыйым салу арқылы ғана емес, сондай-ақ олардың іске асырылуын іс жүзінде қамтамасыз ететін тиісті тетіктерді жасай отырып шешеді.

Түрлі халықаралық-құқықтық актілерде жарияланған адам құқықтарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру мақсатында әмбебап та, өңірлік деңгейде де бақылау тетіктері әзірленген. Мұндай механизмдерді шартты түрде екі топқа бөлуге болады:

- азаптауға тыйым салатын нормаларды және жеке адамның қауіпсіздігі мен қол сұғылмаушылығына құқыққа кепілдік беретін өтініш стандарттарын іске асыру және бақылау жөніндегі халықаралық үкіметтік және үкіметтік емес органдарды құру;

- халықаралық келісімдер негізінде мемлекетішілік органдар құру.

Олардың өмір сүруінің орындылығын дәлелдеудің қажеті жоқ, өйткені халықаралық құқықтық нормалардың, оның ішінде негізгі құқықтар мен адам бостандықтарын белгілейтін нормалардың өздері мемлекеттердің жарияланған құқықтар мен бостандықтарды толық сақтауын қамтамасыз ете алмайтыны анық.

Осылайша, халықаралық-құқықтық нормалардың орындалуын қамтамасыз етуге арналған бақылау тетіктерін әзірлеу адамның құқықтары мен бостандықтарын халықаралық-құқықтық қорғауды іске асырудың міндетті шарты болып табылады. Белгілі бір нормалардың әсерін анықтайтын әртүрлі жағдайларды ескере отырып, олардың сақталуын бақылау тетіктерін қарапайым міндет деп атауға болмайды. «Халықаралық құқықтың тиімді нормаларын құру кезінде туындайтын кез келген қиындықтар осындай нормалардың қолданылуын қамтамасыз ету проблемасына тап болады»<sup>1,3</sup>.

Бірақ бақылау тетіктерінің болуы ғана емес, іс-әрекеттің географиялық қамтылуынан бастап халықаралық-құқықтық нормалардың бұзылуына жол берген мемлекеттерге әсер ету шараларымен аяқталатын көптеген факторларға байланысты олардың қызметінің тиімділігі маңызды.

Мемлекеттердің адам құқықтарын олардың қазіргі заманғы түрінде сақтауын бақылау тетіктері Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін халықаралық құқықтың (адам құқықтарының) тиісті саласын қалыптастыру және БҰҰ құру арқылы қалыптасты. Бұған дейін Қорғаныс күштері мен Халықаралық Қызыл крест Комитеті<sup>2</sup> тек соғыс уақытында әрекет еткен<sup>3</sup>.

БҰҰ Жарғысының 60-бабына сәйкес Бас Ассамблеяға және оның басшылығымен жұмыс істейтін Экономикалық және Әлеуметтік Кеңеске осы халықаралық ұйымның «нәсіліне, жынысына, тілі мен дініне қарамастан, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын жалпыға бірдей құрметтеу және сақтауға» жәрдемдесу жөніндегі функцияларын орындау үшін жауапкершілік жүктелген (БҰҰ Жарғысының 55-бабының «с» тармағы). ЭКОСОС шеңберінде 1946 жылы тұрақты негізде әрекет ететін адам құқықтарын қорғауды бақылау тетігі ретінде әртүрлі функцияларға ие адам құқықтары жөніндегі Комиссия құрылды. Атап айтқанда, 1985 ж. Адам құқықтары жөніндегі Комиссия азаптаулар туралы мәселе бойынша Арнайы баяндамашы тағайындады. 1993 жылы БҰҰ Бас хатшысы тағайындайтын және БҰҰ Бас Ассамблеясы бекітетін адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссар лауазымы (БҰҰ Бас Ассамблеясының 48/141 қарары) құрылды.

Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы Конвенция адамды қамауға алуға және алдын ала тергеу жүргізуге дейінгі азаптаулар туралы ақпаратқа мемлекетішілік ықтимал ден қою шараларын көздейді. Егер қылмыскер басқа мемлекеттің аумағында болса, оны ұстап беру рәсімі де ашылады. Бұл ретте, егер мемлекеттер арасында ұстап беру туралы тиісті шарт жасалмаса, онда ұстап беру үшін осы Конвенция құқықтық негіз бола алады.

Конвенцияның екінші бөлігі қатысушы мемлекеттің аумағында азаптаулар жүйелі түрде жасалады деп пайымдауға барлық негіз болған кезде халықаралық тергеу жүргізу рәсімін көздейді. Мұндай тергеп-тексеру оның аумағы мемлекетінің келісімімен Конвенцияда көзделген қағидалар бойынша құрылған Азаптауларға қарсы комитет мүшелерінің болу мүмкіндігін қамтиды. Комитет аумағында тергеу жүргізілген мемлекетке оның нәтижелерін осы жағдайда орынды болып көрінетін ескертулер мен ұсыныстармен бірге жібереді.

Конвенция Азаптауларға тыйым салуға, оны қамауға алудың, ұстаудың немесе түрмеге қамаудың кез келген нысанына ұшыраған адамдарды күзетпен ұстауға және олардан жауап алуға не олармен қарым-қатынас жасауға қатысы болуы мүмкін құқық қолдану органдарының персоналын даярлау бағдарламаларына енгізуге қатысты ақпаратты зерделеу қажеттілігін көздейді.

Шарттық негізде құрылған Халықаралық бақылау тетіктеріне: БҰҰ Азаптауларға қарсы комитеті (Женева), БҰҰ азаптаулар мәселелері жөніндегі ерекше баяндамашысы (Женева), БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссарының басқармасы (Женева), нәсілдік кемсітушілікті жою комитеті (Женева), әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою комитеті (Женева), бала құқықтары жөніндегі комитеті (Женева), БҰҰ Босқындар істері жөніндегі Жоғарғы Комиссары (Женева), Біріккен Ұлттар Ұйымының азаптаулар құрбандарын қолдау жөніндегі ерікті қоры (Женева), Еуропа Кеңесі жанындағы Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соты (Страсбург), ЕҚЫҰ жанындағы демократиялық мекемелер және адам құқықтары басқармасы (Варшава), азаптаудың және адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалардың алдын алу жөніндегі Еуропалық Комитет (Страсбург).

Қазақстан Республикасы 1992 жылы Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Одаққа мүше болғаннан кейін, Қазақстан азаматтары Еуропалық адам құқықтары сотына (Страсбург), егер олар біздің елімізде өз құқықтарын сот арқылы қорғаудың барлық заңды

құралдарын пайдаланса, мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттері туралы шағымдармен жүгіну құқығын алды. Қылмыстық жазаға сотталғандар да осындай құқыққа ие болады.

Барлық жағдайларда істі сотқа беру туралы шешімді адам құқықтары жөніндегі Еуропалық комиссия қабылдайды. Сот шешімі екі түрлі болуы мүмкін:

1) жауапкер мемлекеттің өзінің ұлттық заңнамасын еуропалық стандарттарға сәйкес келтіру міндеттілігі туралы;

Бұл ерікті Қор азаптаулар құрбандарын оңалту жөніндегі үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ) жобаларына қаржылық көмек көрсетеді.

2) зардап шеккен тарапқа залалды өтеу туралы шешім шығарады.

Халықаралық Қызыл крест Комитеті әлі де осы саладағы азаптаудың алдын алу және бақылау мәселесімен белсенді айналысады.

Халықаралық үкіметтік ұйымдардан басқа, жеке тұлғаны азаптаудан қорғау мәселелерімен айналысатын көптеген мемлекеттік емес шетелдік және қазақстандық ұйымдар бар. Олардың ішінде шетелдік: азаптаудың алдын алу қауымдастығы (Женева), азаптаудың құрбандарын ақтау жөніндегі халықаралық кеңес (Копенгаген), Азаптауға қарсы дүниежүзілік ұйым (Женева), адам құқықтары лигасының халықаралық ұйымы (Париж), «халықаралық рақымшылық» ұйымы (Лондон), азаптауды және өлім жазасын жою жөніндегі Христиан қозғалысы (Париж), азаптауды жою және өлім жазасы жөніндегі халықаралық қозғалыс Федерациясы (Париж), HumanRightsWatch (Нью-Йорк), Адам құқықтары жөніндегі халықаралық Хельсинки Федерациясы (Вена), адам құқықтары жөніндегі дәрігерлер (Бостон) және т. б.

Мынаны айта кету керек, барлық ЕОҰ азаптау проблемаларымен шынымен айналыспайды, олар үшін бұл бағыт тек шетелдік гранттар алу үшін немесе басқа, кейде саяси қызметпен айналысу үшін, оның ішінде шет мемлекеттер мен олардың демеушілері болып табылатын ұйымдардың мүдделері үшін ғана жасырын болып табылады.

Адам құқықтары жөніндегі комитетті қоспағанда, осы бақылау тетіктерінің жұмыс істеу негіздері мен ерекшеліктеріне тиісті ғылыми әдебиеттерде аз көңіл бөлінгенін атап өткен жөн. Қазіргі жағдайды осы бақылау тетіктерінің тар бағыттағы мамандануымен, олардың қызметінің құпиялылығымен және салыстырмалы түрде жақында құрылған уақытпен түсіндіруге болады.

Осылайша, халықаралық-құқықтық нормаларды іске асыру тетігі оларды мемлекеттердің ұлттық заңнамасына имплементациялау және халықаралық ұйымдар немесе арнайы құрылған тәуелсіз органдар тарапынан мемлекеттердің осы нормаларды сақтау бойынша өздеріне алған міндеттемелерін сақтауын бақылау арқылы жүзеге асырылады.

Өңірдің барлық елдерінде азаптауды жою жолында әлі де елеулі кедергілер бар. Олардың ішінде: құқық қорғау органдарының қатыгез қарым-қатынас фактілерін жасыруы, ықтимал қуғын-сүргіндер алдында жәбірленушілерден қорқуы, сондай-ақ қатыгез қарым-қатынасқа шағымдарды тергеу үшін тиімді, толық жасақталған тәуелсіз органдардың болмауы.

Әдетте, жәбірленушілер билікті теріс пайдаланудың мынадай нысандары туралы хабарлайды: ұрып-соғу, дене жарақаты және өлім қаупі; электр тоғымен азаптау; темекі мен шамның жалынымен күйдіру; тамақтан, судан және ұйқыдан айыру; басына полиэтилен пакетінкігізу; туыстарына қауіп төндіру. Кейбір елдерде билік зорлық-зомбылық жағдайларын дереу, мұқият және бейтарап тергемегендіктен, толық жазасыздық атмосферасы пайда болды.

Көптеген елдерде баспана іздеушілер мен заңсыз мигранттар үшін түрме мен лагерьлерде ұстау шарттары қатал және адамның қадір-қасиетін қорлайтын деп сипатталды.

Келесі мәселелер ерекше алаңдаушылық туғызады, олар — 1) полицияның өз бетінше күш қолдануы, оның ішінде өлім-жітіммен аяқталуы, әсіресе аяқастыпайда болған қауіп-қатерге сәйкес келмеген жағдайларда шамадан тыс атыс қаруын қолдану; 2) полиция дайындығының қанағаттанғысыз деңгейі, қызметтік нұсқаулықтардың жеткіліксіздігі; 3) құқық қорғау органдары қызметкерлерінің этникалық және басқа да аз өкілді адамдарды мақсатты қудалауы; 4) түрмелерде қамаудағылардың өзіне және өзінің камераластарына зақым келтіруге жол бермеу бойынша, оның ішінде тәуекел тобын анықтау жолымен арнайы шаралардың болмауы (қамаудағылардың өз-өзіне қол жұмсау жағдайлары бірқатар жаза өтеу мекемелерінде анықталған); 5) қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттерге балама қамауда ұстау жағдайлары; 6) карцерлерде ұстаудың нашар жағдайлары — кейбірқамаудағылар камераларда белгіленген уақыттан артық қамалған.

Кез келген қамау орнына тұрақты және алдын ала жарияланбаған іс-сапарлар азаптаулар мен қатыгез қарым-қатынасты анықтаудың ең жақсы тәсілдерінің бірі болып ұсынылады. Осы уақытқа дейін қамаудағыларды ұстау жағдайларының ашықтығына ықпал ететін жан-жақты деңгейде мұндай

алдын-ала бару жүйесі болған жоқ. Кіші комитет пен ұлттық келушілердің тетіктері адамдар еркінен тыс кез-келген қамауға алу орындарына: түрмелерге, полиция бөлімшелеріне және психиатриялық ауруханаларға кіре алады. Сондай-ақ осы халықаралық және ұлттық органдардың қамаудағылармен қарым-қатынас және оларды ұстау шарттары туралы толық ақпаратқа қол жеткізуіне, олармен әңгімелесу мүмкіндігіне ие болуына кепілдік беруі тиіс. Шарттарды ратификациялау арқылы мемлекеттер іс жүзінде ұлттық және халықаралық байқау үшін қамау орындарын ашады.

2006 жылғы 23 мамырда бірқатар елдер аталған шарттарды ратификациялады, осылайша қатысушы елдердің саны қажетті 20 ратификацияға жетті, бұл Конвенцияның 2006 жылғы 22 маусымда күшіне енуіне әкелді, бұл Конвенцияны 2002 жылғы 18 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдағанын ескере отырып, адам құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық шартты ратификациялаудың ең жылдам процестерінің бірі болды.

Азаптаулардың алдын алу жөніндегі қауымдастық (Association for the Prevention of Torture) — АРТ, Женевада құрылған үкіметтік емес ұйым, шартты қабылдаудың ең басында қатысты және ратификациялау процесінде негізгі қолдаушы рөл атқарды. АРТ бүкіл әлем бойынша азаптаудың алдын алу үшін басқа елдерді хаттаманы таяу мерзімде ратификациялауға шақырады, деп БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы Комиссарының штабы, ҰЕҰ және азаматтық қоғамның басқа да өкілдері осы алдын алу тетігін іске асыруды қалайды деп сендіреді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, азаптау проблемасы халықаралық сипатқа ие, салыстырмалы түрде дамыған және дамушы елдерде бар екенін атап өткен жөн. Олардың таралуының негізгі себебі әлеуметтік құқықтық сананың кемшіліктері, ондағы зорлық-зомбылықтың тамырлануы ғасырлар бойы қалыптасқан проблемаларды шешудің қол жетімді және қолайлы әдісі деп атауға болатын сияқты. Мұны бірден түзету мүмкін емес. Сонымен бірге, салыстырмалы түрде аз уақыт ішінде азаптаудың алдын алуға тәуелсіз бақылаудың жаһандық тетігін құру өте қажет. Егер халықаралық деңгейде оның элементтері мемлекетаралық органдар түрінде құрылған болса, онда оларды мемлекет деңгейде құру қажет.

---

<sup>1</sup> Джечис М., Кэй Р., Брэдли Э. Европейское право в области прав человека. Практика и комментарии. — М., 1997. [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <https://naukaprava.ru/catalog/435/840/56344/63115> (кірген уақыты: 18.05.2021 ж.).

<sup>2</sup> Гассер Х.-П. Международное гуманитарное право. Введение. — М., 1995. [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <http://lawlibrary.ru/izdanie13138.html> (кірген уақыты: 18.05.2021 ж.).

<sup>3</sup> Пихте Ж. Международный Комитет Красного Креста: уникальное учреждение. — М., 1997.

**Сарин А. А.,**

*магистрант*

*(Центрально-Казахстанская академия,  
Республика Казахстан, г. Караганда)*

## **НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ЗАЩИТЫ ПРАВ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

Во всем мире существуют три основных способа защиты прав потребителей: через суд, государственные органы и общества защиты прав потребителей. Как показала мировая практика, эффективной система является лишь в том случае, когда потребитель может осуществлять защиту своих прав всеми тремя способами, которые взаимосвязаны и их существование в отдельности не влечет действительной и реальной защиты прав потребителей.

Права потребителей являются одним из основных гражданских прав человека, находясь на одной ступени с правом на жизнь, здоровую окружающую среду, свободу и т. д.<sup>1,6</sup> Проблемы защиты прав потребителей существуют не только в Казахстане, но и во всем мире. Во всех государствах созданы Министерства, ведомства, т. е. специализированные государственные органы, занимающиеся этими проблемами. Основные задачи данных органов: формирование политики в области защиты прав потребителей; проведение совместных программ государственных органов с некоммерческими организациями и средствами массовой информации, круглых столов, конференций, разработка и лоббирование законопроектов; развитие потребительского образования; тестирование продукции на соответствие действующим стандартам; проверка деятельности хозяйствующих субъектов с целью выявления недоброкачественной поддельной продукции.

Создание в Республике Казахстан действенной системы защиты прав потребителей — одна из основных задач государственной потребительской политики. Позитивные тенденции в экономике способствуют формированию качественной номенклатуры потребительского рынка, существенно влияют

на расширение потребительского спроса населения и выдвигают новые задачи перед системой государственной и общественной защиты прав потребителей.

Опыт рыночного развития казахстанской экономики доказал необходимость сохранения государственного контроля в вопросах организации защиты прав потребителей, осуществляемого органами государства, на которые возложены обязанности контроля соблюдения законодательства о защите прав потребителей и которым предоставлены права по пресечению правонарушений и применению к правонарушителям мер ответственности за его несоблюдение. Можно выделить четыре основные, наиболее глобальные проблемы, без решения которых построение цивилизованных отношений на рынке товаров и услуг невозможно: отсутствие единой политики в сфере защиты прав потребителей; несовершенство казахстанского законодательства, регулирующего взаимоотношения потребителей и предпринимателей на рынке товаров и услуг; не развитая система потребительского образования, неналаженная интеграция международного опыта<sup>2, 384</sup>.

Потребитель — это гражданин, который покупает товар и пользуется работами и услугами в целях личного потребления или использования в частном хозяйстве. Законодательством регулируются отношения между потребителем и продавцом или производителем работ и услуг, установление их прав и обязанностей, рассматривается защита прав потребителей. Оно направлено на:

- признание приоритета законных интересов потребителей;
- осуществление ими прав на информацию, качество продукции, обмен товара надлежащего качества, а также прав потребителей в случае продажи им товаров ненадлежащего качества;
- защиту потребителя от опасностей для его жизни и здоровья;
- расширение международного и межгосударственного сотрудничества в области защиты интересов потребителей;
- содействие созданию и деятельности независимых обществ потребителей<sup>3, 19</sup>.

В Казахстане создана многоуровневая система защиты прав потребителей. Законодательство определяет правовые, экономические и социальные основы защиты их прав, а также меры по обеспечению качественными товарами, работами и услугами. В закон внесены нормы, регламентирующие права и обязанности изготовителя (исполнителя, продавца) в части определения срока службы, годности товара, а также гарантийного срока на него; установлены права государственной и общественной защиты законных интересов потребителей от приобретения товаров ненадлежащего качества, представляющих опасность их жизни и здоровью. Каждый потребитель имеет право на:

- безопасность продукции — на то, чтобы товар (работа, услуга) были безопасны для жизни, здоровья, имущества потребителя и окружающей среды. Требования, которые должны это обеспечивать, являются обязательными и устанавливаются в порядке, определяемом законом;
- свободное заключение договоров на приобретение товаров, использование работ и услуг;
- надлежащее качество продукции, работ и услуг;
- получение полной и достоверной информации на государственном и русском языках о цене, стране происхождения товара и изготовителе, потребительских свойствах продукции; способах и правилах ее использования и хранения; дате изготовления, сроке годности товара и гарантийном сроке;
- получение товаров, услуг и других благ в ассортименте и объемах, соответствующих гарантированному уровню потребления;
- возмещение ущерба, причиненного ему производителем (продавцом) в связи с использованием последним преимуществ своего положения в производственной либо торговой деятельности;
- проверку качества, комплектности, меры, веса и цены приобретенных товаров, демонстрацию их удобства, а также обучение безопасному и правильному их использованию;
- свободный выбор товаров и услуг. Продавец обязан оказывать всемерное содействие потребителю в свободном выборе товаров и услуг. Производителю, продавцу запрещается использовать преимущества своего положения в производственной либо коммерческой деятельности с целью заставить потребителя согласиться с ненадлежащим качеством товаров и услуг, ненужным ему ассортиментом продукции или отказаться от применения прав потребителя;
- потребителю должно быть гарантировано предусмотренное для товара обслуживание после продажи отечественных, а также импортных товаров.

Потребитель вправе обменять приобретенный им качественный непродовольственный товар в течение 14 дней, если он не удовлетворяет его потребностям или не обладает необходимыми свойствами. При обнаружении ненадлежащего качества товара в течение гарантийного срока потребитель вправе по своему выбору потребовать соразмерного уменьшения покупной цены, безвозмездного устранения недостатков товара либо замены на товар надлежащего качества или расторжения договора с возмещением понесенных убытков<sup>4, 23</sup>.

Для защиты своих прав потребитель может обратиться:

- к нарушившему право продавцу (исполнителю) с досудебным письменным заявлением;
- в уполномоченные государственные органы с жалобой на незаконные действия продавца (исполнителя);
- в общество защиты прав потребителей;
- в суд с иском и заявлением.

Общественные объединения потребителей осуществляют деятельность, направленную на реализацию и защиту прав потребителей, в соответствии с законодательством Республики Казахстан. Ассоциации (союзы) общественных объединений потребителей вправе:

- вносить предложения по совершенствованию законодательства в сфере защиты прав потребителей;
- участвовать на совещаниях государственных органов, затрагивающих вопросы защиты прав потребителей;
- участвовать в качестве независимых экспертов в инициируемых государственными органами проверках, связанных с установлением фактов нарушения прав потребителей;
- обращаться в уполномоченный орган в целях содействия в рассмотрении факта нарушения прав потребителей;
- подписывать меморандумы с государственными органами, государственными учреждениями, иными ассоциациями и представителями деловых кругов, направленные на определение и развитие программ по защите прав потребителей, а также на информирование об объеме их прав и об услугах, предоставляемых производителями;
